

## БИЛІК пен БҰҚАРА



**ЖАҢА ОБЛЫСТЫҢ  
СИПАТЫ  
ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?**

3-бет

## ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН ТҰЛҒА



**ЗАҢҒАЙЫР  
ТҰЛҒА**

6-7-беттер

## ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ



**ҚАСҚЫР –  
БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ  
КОДЫМЫЗ**

8-бет

### Құрметті жезқазғандықтар, қала қонақтары!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1 мамыр күні – қазақстандықтар үшін елдің тұрақтылығы мен өркендеуінің кепіліне айналған достықты, түсіністік пен келісімді бейнелейтін ерекше мереке аталып өтеді.

Тәуелсіздік жылдары елімізде қоғамдық келісім мен конфессияаралық ұнақтысудың бірегей үлгісі қалыптасты. Біз әрбір қазақстандықтың қатыстылығы мен жауапкершілігі бірлесіп әлеуметтік жағынан әділетті, өзара сенім және азаматтық тең құқылық қағидаттарына негізделген сапалы жаңа мемлекет құруға тірек болатынына сенімдіміз. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, «Жаңа Қазақстанды құру елді дамыту парадигмаларын өзгертуге бағытталған. Біз әр қадамымызды саралап, таңдаған жолымызбен алға сенімді қадам басамыз. Біз жаңа Қазақстанда «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға тиіспіз. Диалог пен мәміленің жоғары мәдениеті еліміздегі азаматтық ынтымақты арттыратын басты фактордың біріне айналады».

Осы мерекеде этномәдени бірлестіктерге, ардагерлер мен жастар ұйымдарына, белсенділерге қол жеткен жетістіктерді одан әрі дамыту мақсатында, қазақстандықтарды өзара рухани-мәдени байытуға, қоғам өмірінде азаматтық қадамдарды бекітуге, әлеуметтік және қайырымдылық жобаларды іске асыруға бағытталған риясыз бастамалары мен атқарып жатқан игі істері үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Баршаныңа және әрбір қазақстандыққа амандық, бейбітшілік және толағай табыстар мен игіліктер тілейміз. Әрбір азаматтың бақытты болуы – ол еліміздің жарқын болашағының кепілі.

*Мереке құтты болсын!*

**Қайрат ӘБСАТТАРОВ,**  
Жезқазған қаласының әкімі.  
**Абдрахман ДОСАНОВ,**  
Жезқазған қалалық мәжіліс хатшысы.

# СҰРАҚТАР ҚОЙЫЛДЫ, МӘСЕЛЕЛЕР АЙТЫЛДЫ



Еститін мемлекеттің жоғары деңгейдегі басшыларының Жезқазған жұртышылығына уәде беріп, аттанып бара жатқан сәті.

**Қарағанды облысының құрамынан жаңадан ашылатын Ұлытау облысын болу барысында орын алып отырған олқылықтарға байланысты Жезқазған-Ұлытау аймағының халқы наразы көңіл-күйде отырғаны бүгінде ешкімге де құпия емес. Осыған байланысты откен аптада аймақтың бір топ белсенді азаматтары халықтың талабын тиісті лауазым иелеріне жеткізген болатын. Нәтижесінде Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбектің қолдауымен Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары, ашылатын облыстарға байланысты құрылған үкіметтік комиссияның төрағасы Роман Склярмен Жезқазған қаласында кездесу өтті.**

Кездесуде Р.Скляр, Ж.Қасымбекпен бірге «Қазақмыс» корпорациясының Басқарма төрағасы Э.Огай және мәселе көтеруші белсенділер болды. Екі сағаттан аса болған кездесу барысында Ұлытау облысының аумағы, әр облыста болатын халықтың саны, «Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорындарының Жезқазған қаласында тіркелуі, Ұлытау ауданының аумағындағы Шұбаркөл кентінің ауданға қайтарылуы, Жезді, Ақадыр аудандарын

қайта ашу, Балқаш қаласын Ұлытау облысына беру және де басқа халықты аландатып отырған мәселелер кенінен талқыланды. Бұл мәселеге алдағы уақытта да оралатын болғандықтан қысқаша нақтыланған жауаптарды ғана жариялауды жөн көріп отырмыз. Оның бастысы «Қазақмыс» корпорациясының басшысы Э.Огайдың: «Біздің барлық кәсіпорындарымыздың салығының кемі 90 пайызы Ұлытау облысының бюджетіне түсетін болады. Себебі біз барлық дерлік кәсіпорын-

дарды Жезқазған қаласында тіркейтін боламыз» деген жауабы болды. Сондай-ақ, Шұбаркөл кентін қайтару мәселесінде облыс әкімі Ж.Махмұдұлы: «Менің оған қарсылығым жоқ» деп кесіп айтты. Облыс басшысының ел алдында берген уәдесін жұтпайтынын білетін аймақ белсенділері бұл сөзді қуана қабыл алды. Ал қалған сұрақтар бойынша Премьер-министрдің бірінші орынбасары Р.Скляр: «Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев еститін мемлекет құру тұжырымдамасының әр қазақстандықтың өмірінде нақты орындалуын қатаң қадағалауда. Міне, сіздердің мәселелеріңізді де тыңдау үшін арнайы келіп отырмын. Барлық қойылған сұрақтарды естідім. Енді ешқайсысын қалдырмай үкімет және мемлекет басшысына жеткізетін боламын. Қабылданған шешімдер туралы сіздерге ақпарат жеткізіледі» – деді.

Сұрақтар қойылды, мәселелер айтылды. Енді жауабы да кешіктірілмес деп сенеміз.

Әнуар ОМАР.

## 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Қазақстан Республикасының Ата Заңында этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласын реттейтін нормалар бар. Ол – «біз, Қазақстан халқы» деген сөздерден басталады, бұл еліміздің барлық азаматтарының ортақ идеясын білдіру және біз біргеміз, біртұтаспыз деген қағидаға негізделген.

# МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МҰРАТЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-ші бабында Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі принциптерінің бірі «қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық» деп жария етілді. Барлық азаматтардың, олардың ұлтының қандай екеніне қарамастан, құқықтары мен бостандықтарының теңдігі бекітілген. Осылайша, біздің еліміз, ең алдымен, мәдениеттердің, тілдердің, халық дәстүрлерінің алуан түрлілігін мойындай отырып, азаматтық қоғам құру жолын таңдады. Осылайша, Қазақстанда этносаралық келісімді қамтамасыз етудің тиімді саяси-құқықтық жүйесі қалыптасты. Қазақтың даласы қандай дархан болса, пейілі де соншалықты кең екенін әлем мойындады. Төрткіл дүниенің түпкір-түпкірінен келіп, Қазақстаннан «басына үй, бауырына қазан» асып отырған талай халық бар. Бұл – Қазақстанның ең басты ерекшелігі мен ең басты байлығы.

Қазақ халқының бауырмалдығы бүгінде әлемге үлгі. Сонау тоқсаныншы жылдары көптеген этнос өкілдері өз тарихи отандарына жаппай кете бастағанда, өз таңдауын жасап бізбен бірге қалғандар аз емес. Осы отандастарымыз өздерінің және ұрпақтарының болашағын бізбен бірге байланыстырды. Яғни қызықты да, қиындықты да бірге бөлісті. Соның шынайы белгісі, кеше елде жарияланған төтенше жағдай кезінде бірден аңғарылды. Бәріміз бір адамдай тәртіпке бағындық. Ел іргесіне келген індеттің кең тарап кетуіне жол бермей, ұйымдас билдік. Яғни бірлік пен өзара түсіністіктің арқасында біз өзіміздің ұйысқан ел екендігімізді көрсеттік.

Кешегі «Қаңтар қырғыны» деген атпен тарихқа енген қаралы күндерде де бауырларымыз ел басына түскен сын сағатта шеттеп қалмады. Ел ішінде тыныштық орнауына атсалысты. Тауқыметін тартқан жандарға демеу бола білді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің өткен жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында қазір Қазақстан мүлде жаңа дәуірге қадам басып отырғанын, соған сәйкес қоғамдық өмірдің барлық саласы түбегейлі өзгеруде екенін айта келіп «Жаһанды тұрақсыздық жайлап, көптеген жаңа сын-қатер пайда болып жатқан кезде біз бағдарымызды бекемдеп, болашаққа көзқарасымызды айқындай түсуіміз қажет. Сондықтан, этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді. Бұл – бекерге айтылған сөз емес. Мұндай ұстанымды қазақстандықтардың басым көпшілігі қолдайды. Біздің азаматтарымыз үшін келісім мен толеранттылық – мәдениеттер мен тілдерді өзара тоғыстыратын өмірдің шынайы көрінісі, нақты болмысы».

Біз – Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықпыз. Біздің нағыз күшіміз – осында. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез-келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұғуға жол бермейміз», деп атап көрсетті. Бұл – мәңгілік елдің мұраты.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

## СЪЕЗДЕ АЙТЫЛҒАН СӨЗ

### «Жаңа Қазақстан» – Әділетті Қазақстан

AMANAT партиясының  
кезектен тыс XXIII съезінде  
Мемлекет басшысы  
Қасым-Жомарт Тоқаев  
«Жаңа Қазақстанның» мағынасын  
түсіндірді.

«Біздің азаматтарымыз «Жаңа Қазақстан дегеніміз не?» деген сұрақты өте жиі қояды. Меніңше, бұл сауалға қысқа әрі толыққанды жауап беруге болады. Жаңа Қазақстан – бұл шындығында Әділетті Қазақстан. Келісетін шығарындар, азаматтарымызға әлеуметтік әділеттілік жетісе бермейді», – деді ҚР Президенті.

Алқалы жиында Мемлекет басшысы қарапайым адамдардың мүдделерін елеулі жаппай орын алып отырғандығын баса айтты. Өкінішке орай, сорақы әділетсіздік мемлекеттік аппарат өкілдері тарапынан орын алатындығына қынжылыс білдірді.

«Осыдан азаматтардың билік институттарына тұрақты сенімсіздігі қалыптасып отыр. Сондықтан AMANAT партиясының алдында осынау барынша қолайсыз ахуалды түзету сынды ауыр міндет тұр. Сіздер халық өкілдерімен алдыңғы шепте жүруге, азаматтық қоғам мен билік арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді арнасына айналуда тиіссіздер», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### Тұңғыш Президент туралы Заң күшін жояды

Қазақстанда Тұңғыш Президент – Елбасы туралы заңды алып тастау жоспарланып отыр. Бұл Конституцияға сәйкес өзгертулер енгізілген соң жүзеге асырылмақ.

Орайы келгендейтіндей, «AMANAT» партиясының кезектен тыс XXIII съезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі саяси реформаларды жүзеге асыру үшін Конституцияға өзгеріс енгізу керектігін айтқан болатын.

«Конституцияға өзгеріс енгізілген соң Елбасы мәртебесі алынып тасталады. Ата заңымызда Назарбаев тек елдің негізін салушы ретінде қалады. Бұл өзгеріс қабылданған соң Тұңғыш президент туралы заң өз күшінен айырылады», – деді Ерлан Қошанов Мәжіліс кулуарында.

Сондай-ақ, ол аталған нормаға қатысты халықтың ой-пікірі қалай ескерілуі мүмкін екенін де айтты өтті.

«Енді ол референдум бола ма, Парламент арқылы өте ме, болашақта шешілетін мәселе. Қазір Конституциялық кеңестен сол рәсімді біз өткізіміз керек. Заңнамада экс-президент туралы норма бар. Бірінші Президентке де сол норма қатысты болады», – деді спикер.

Ізбасар ОЙБАС.

## АҚПАРАТ АРНАСЫ

## «Урал» мотоцикл өндірісін Ресейден Қазақстанға өткізеді

Өзіндік арбасы бар ауыр мотоциклдер шығаратын «Урал мотоциклдері» өндірісін Ресейден Қазақстанға көшіруге. Бұл туралы компанияның бас директоры Илья Хайттың YouTube-тегі ресми арнасында жариялаған бейнежазбасында айтылды, – деп хабарлайды «Адырна» сайты.

Бұл қадам санкцияға ұшырайтын бірқатар құрамдас бөліктердің тапшылығына, сондай-ақ Ресейден жабдықты әкелуге тыйым салуға байланысты. Урал мотоциклдерінің басым көпшілігі Батыс елдеріне, соның ішінде АҚШ-қа барады.

Қазақстанның Петропавл қаласында бұрын бұл көліктер шығарылған Ирбиттен (Свердлов облысы) 600 шақырым жерде орналасқан «Урал мотоциклдерін» жаңа құрастыру алаңы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Ирбит мотоцикл зауытының (IMZ) өзінде жұмыс жалғасады: онда мотоциклдерге арналған жақтаулар мен корпус элементтері шығарылады.

Хайттың айтуынша, компания бұрынғы кәсіпорындағы қызметкерлердің бір бөлігін қысқартуға және Петропавлда жаңа қызметкерлерді жұмысқа алуға мәжбүр болады. Бұл ретте негізгі басқару командасы Ресейден Қазақстанға көшетін болады. «Ural Motorcycles» – жүк салғышы бар ауыр жол талғамайтын мотоциклдерді сериялық шығарумен айналысатын әлемдегі жалғыз компания. Олар 41 а.к. болатын 749 см куб екі цилиндрлі қозғалтқышпен жабдықталған. Қозғалтқыш бес жылдамдықты беріліс қорабымен жұмыс істейді (төрт алдыңғы және бір артқы). Осылайша, Ural Motorcycles классикалық кеңестік Урал брендінің тікелей мұрагері болып табылады. 2000 жылы Ирбиттегі банкротқа ұшыраған кәсіпорынды инвесторлар тобы сатып алды, оның ішінде Илья Хайт бар.

## Мектеп бітіру кешін мейрамханада өткізуге тыйым салынды

Мектеп бітіру кешін мейрамханада өткізуге тыйым салынды, – деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.

ҚР БҒМ МДОБК тәрбие жұмысы және қосымша білім беру басқармасының басшысы Самал Қадырова:

«Жоғары сынып оқушылары мектеп бітіру кешін асыға күтетіні белгілі, өйткені бұл жастардың жаңа өмірге қадам басқанын білдіреді. Соңғы екі жылда коронавируспен індеті мектеп пен ұстаздардың дәстүрлі қоштасу кешін тоқтатып тастады. Бүгінгі таңда эпидемиялық жағдай мұндай кешті өткізуге мүмкіндік бермеді. Бірақ кештің барлығы міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізілуі керек. Мектептердің қамқоршылық кеңестері мен білім басқармалары түлектердің ата-аналарына бұл шараларға шығындалудың тиімсіз екені туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет. Бұл күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі», – деді ол.

Мектеп бітіру шараларына мектептің педагогикалық ұжымы, түлектер, түлектердің ата-аналары, педагогикалық еңбек ардагерлері, қамқоршылық кеңес мүшелері, патронаждық ұйымдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, білім бөлімдерінің, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері және басқалар қатыса алады.

Мынадай мәселелерге рұқсат етілмейді:

- аниматорларды, мерекелік агенттіктерді, ақылы әртістерді, мерекелік шараларға жеке студияларды тартуға;
- мерекелік дастархан ұйымдастыруға;
- автокөліктерді жалға алып, қала (аудан) бойынша экскурсиялар өткізуге;
- мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу үшін қаражат жинауға;
- ойын-сауық мекемелерінде бітіру кештерін ұйымдастыруға болмайды.

Адырна ұлттық порталынан.

## ЖАСТАР ЖҰМЫЛСА, ІС АЛҒА БАСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңа жолға асыру мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауының мәнін жастарға кеңінен түсіндіріп, ондағы басымдық берілген бағыттарды насихаттау аса маңызды. Осы мақсатта Жезқазған қаласы жастар ресурстық орталығының директоры Ақерке Серік «ZOOM» платформасында қала жастарымен жүздесіп, ойын ортаға салды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Бұл жолғы жиында мәлім етілген ресми құжат елімізде жаңа даму кезеңі басталғанын білдіретін тарихи межелі мөнге ие еді. Онда Мемлекет басшысы таяуда қабылдануы тиіс саяси реформалар пакетін жариялап, ел тарихындағы ауқымды өзгерістер мен институционалды бастамаларды ұсынды. Қаңтар оқиғасынан кейін қоғам елде түбегейлі өзгерістерді күткені жасырын емес. Сондықтан да 16 наурызда Жолдау жарияланады деген соң, елдің үміті орасан зор болды. Қатардағы азаматтар тек қана жыл сайын болатын әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардан бөлек, іргелі саяси реформаларды күтті. Үміт ақталды. Қос палата депутаттарымен қатар ресми тұлғалар, Үкімет мүшелері, сондай-ақ Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері де қатысқан жиыннан жаңа бастамалар мен тың серпілістің лебі есті. Ендеше, қаңтар оқиғасының бағасы беріліп, түйіні шешілген Жолдаудан түйгеніміз: «Жаңа Қа-

зақстанның жаңару мен жаңғыру жолы» басталды деуге болады. Өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қараған жөн. Қазіргі кезде ауылдық округтер жоғары тұрған әкімдерге толығымен тәуелді. Сондықтан мардымсыз қолдауға ие болуда. Әкімдер сайланатынын ескеріп, халықаралық озық тәжірибеге сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізген дұрыс болар еді. Сондай-ақ олардың меншік базасын едәуір кеңейту қажет. Олар елеулі ресурстар иеленген соң ахуалға ықпал етеді, сонымен қатар жауапкершілік алады. Олай болмаған жағдайда бұл өзін-өзі басқару емес, жай ғана алдамшы нәрсе болып шығады», – деді Президент.

Еліміздің экономикалық әл-ауқатын арттырумен қатар, саяси тәртіп орнату мәселесін алғышарт еткен аталған Жолдауда бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажетігі айтылды. Президенттің бұл сөзі Жезқазған жұртының сонуге айналған үмітін қайта жаққаны жасырын емес. Жаңадан құрылатын Ұлытау облысы,

оның ішінде орталық мәртебесін алған Жезқазған қаласының жастарының алдында біршама мол жауапкершілік тұрғаны айтылған кездесуде, алдағы уақытта атқаруға тиісті жұмыстар жүйелі түрде жоспарлануы қажет екені айтылды.

Президентіміз айтқандай, Сарыарқаның төрінде орналасқан Ұлытау облысының туристік әлеуеті өте зор. Осы тұста оның өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдаланған жөн. Жаңа облыспен бірге жаңа жұмыс орындары ашылады. Бұл екі қолға бір күрек таппай сенделген жастардың санын қысқартып, халықтың тұрмысын түзелтуге мол септігін тигізеді де сөзсіз. Қаңтар оқиғасы біршама күрделі де күрмеулі мәселелердің түйінін шешті. Енді біз алғанақты жоспарлар құрып, мақсатқа жету жолында бар күш-жігерімізді салуымыз қажет, – деген Ақерке Серік жезқазғандық жастардың білімділігін, өнерлілігін, ақылдылық пен еңбекқорлық қасиеттерін де әңгімесіне арқау етті.

МТ

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

## КӨПШІЛІК КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗДЫ

Қоғалдандыру – көптің ісі. Жер тоңы жәбір, алғашқы көк дүркіреп шыға бастаған осы уақытта бұл шара қыза түседі. Жастар саябағында өткен тал егу акциясы – осының дәлелі.



Қариясы бастап, жастары қосап жүзеге асып жатқан игі іске аймақ экологиясына бей-жай қарамайтын жандар түгел жиылды. Олардың қатарында қала әкімінен бастап, «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігінің ұжымы, кәсіподақ қызметкерлері, ардагерлер кеңесінің мүшелері, қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері мен

тұрғындар да бар. Өздері тұратын қаланың жасыл желекке оранғанын қалайтын ақияға қатысушылар қолдарына күрек алып, шелек ұстады, әрқайсысы кем дегенде 2-3 жас шыбықты егіп, оның мәуелі ағашқа айналарына сенімін білдірді. Барлығының мақсаты бір, ол – мысыр шаһарды жасыл-желекке бөлеп, экологияның жақсаруына үлес қосу.

МТ

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## ЖИҺАНКЕЗ КҮНДЕЛІГІ

Өткен апта Сәрсенбай Оспанұлы үшін қуанышты қауысулар мен сындарлы сұхбаттарға толы болды. Қасиетті жұмаға қарсы Түркістанға жеткен ол Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың кесенесіне барып, зиярат жасады. Сол жерден жергілікті журналистерге сұхбат берді.

## ТАРАЗҒА ЖОЛ ТАРТТЫ



Сол күні Әзірет-Сұлтан мемлекеттік музей-қорығының директоры Мәулен Садықбеков жиһанкез жерлесімізді 70 шақырым жердегі киелі Арыстанбаб бабамыздың басына апарып келді.

Түркістан қаласының «Дәстүр» колөнер орталығы өз қаражаттарымен Сәрсенбай ағаның жүрген бағыттары бойынша 100 дана буклет жасап, ақсақалға сыйға тартты. 23 сәуірде киелі Түркістаннан шырайлы Шымкент қаласын бетке алды. Жол бойы ол Достық, Екіпінді ауылдарында қонып, жергілікті халықтардың қошеметіне бөленді.

26-сы күні жиһанкез Сәрсенбай ақсақал Шымкент шаһарының қақпасына кірді. Жерлесімізді «Айғақ» және «Отырар» теларналарының өкілдері қарсы алып, сұхбат алды. Кешке «Туризм, охота и рыбалка» қоғамдық ұйымының қызметкерлері қонақ етіп, табиғат аясында кешкі ас берді. 27 сәуір күні таңертең Таразға жол тартты.

Ізбасар ОЙБАС.

## Саясат НҰРБЕК:

## «АЛДА ҚИЫН КЕЗЕҢ КЕЛЕ ЖАТЫР,



«Адырна» ұлттық порталының «Таразы» бағдарламасында кезекті қонағымыз – политолог, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Саясат НҰРБЕК. Сұхбатты жүргізуші – Арман ӘУБӘКІР.

орналастыру, мемлекеттік органдарды жазалау, сот жүйесінде әділеттілікке қол жеткізу сияқты мәселелер бойынша адамдар көп жүгінуде. Қазір адамдардың сабырлылық мерзімі қатты қысқарған. Себебі бір айда не істедіңіз деп сұрайтындар көп. Сондықтан саясатты армандап жүрген жастарға айтарым, саясатта кез келген шешімді қабылдайтын адам болуы оңай емес. Популист болу да оңай емес.

Негізі қазаққа бағыр болу ғана оңай. Мәселен, Зеленскийдің кеңесшісі Арестович өз сұхбатында мынадай бір қызықты факт айтқан болатын. Оның айтуынша, украиналықтардың психологиялық орташа жасы – 11-де. 11 жастағы баланы алдау, арандату оңай. Ал біздің қазақтың психологиялық жасы одан да төмен. Өйткені біз тез алданамыз.

– «Жаңа Қазақстан құрамыз» дегеннен кейін көп ұзамай Алматы қаласында бұрынғы «Нұр Отан» партиясының ұрандарына ұқсас акция өтті. Соны естіп, білген халық «Аманат» партиясында ештеңе өзгермеген ғой, Жаңа Қазақстанда ескі әдісті қолданатын жатыр» деп пікір білдіріп, бір сенімсіздік пайда болғанын аңғартты. Расында да партия нақты іспен, әрекетпен, елге пайдасы бар дүниемен көрінуі керек емес пе еді, қалай ойлайсыз?

– Біріншіден, Алматыда 7,5 мың адамды жинаған, әкімдік ұйымдастырған концерт өтті. Ал ғылым ордасының алдында болған митинг «Аманат» партия-

сының шарасы еді. Өкінішке қарай, концертті партияның шарасы деп ойлады. Ал митингке 800-ге жуық адам жиналды. Иә, оны мойындау керек, өзгеру өте қиын. 30 жылда қалыптасқан, бір бағытта келе жатқан адамдарды, жалпы мемлекеттік аппаратты бірден өзгерту мүмкін емес. Меніңше, бұл инерция әлі жалғасады. Адам 30 жыл үйреніп қалған жағдайды бір күнде өзгерте алмайды, бұл процеске бірнеше жыл керек болуы мүмкін. Сондықтан біз Жаңа Қазақстанды құрамыз десек, түбегейлі стандарттарды өзгертуден бастауымыз қажет.

– Сіз Жаңа Қазақстанды қалай елестетесіз?

– Шын мәнінде, бұл сұраққа нақты, жүйелі жауап жоқ. Бұл біздің Президентіміздің үндеуі деп түсінуіміз керек. Мәселен, Мемлекет басшысы өз Жолдауында жаңа саяси реформаларды жүзеге асыруды тапсырды. Қазір әлеуметтік, экономикалық реформалар да дайындалып жатыр. Бұл тек қана Президенттің бір бейнесі, арманы болмауы керек, біздің халқымыздың ұжымдасып, топтасып бірауыздан шыққан көзқарасы болуға тиіс. Неліктен бұған дейін қабылданған «Мәңгілік ел», «Қазақстан – 2050» атты тұжырымдамалық құжаттарды халық қабылдай алмады? Себебі бұл құжаттар белгілі бір органдардан, партиялардан жиналған ұсыныстар негізінде ғана жасалған.

Ал Президенттің үндеуін біз әр адамға жеткізуіміз керек. Біз бұл үндеуге қарапайым адамдардың тілек-ұсыныстарын кіргізуіміз керек.

Біз облыс пен облыс қосылғанда не болатынын білеміз, бірақ отыз жылға жуық бірігіп тұрған облыстың екіге бөлінуін тұңғыш рет көрейін деп отырмыз. 1974 жылы да Жезқазған ашылған жоқ па берсіз.

Ол КСРО-ның уақыты еді және ол уақытта туған адамдардың өзі қазір елуге таяп қалды.

Қазір біз мүлде басқа уақытта, атап айтқанда нарықтық экономикаға көшкенімізге отыз жыл өткенде, оның үстіне постпазарбаев кезеңінде, еліміз «Құлақ асатын мемлекет» боламыз деп жатқан шақта бөлінгеніміз отырмыз. Егер 1974 жылы бәрі де жоғары жақтың айтуымен жасалған болса, енді жаңа облысымыздың қандай болып құрылатыны әрбірімізге байланысты болып отыр.

Дәл солай, ағайын.

# ЖАҢА ОБЛЫСТЫҢ СИПАТЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Бұл жаңа облыстың территориясын белгілеу кезіндегі тартыстан-ақ байқалды. Үкіметіміз уақытымыз Жезқазған облысын қалдыра ма, жоқ әлде Ақтоғай, Шет аудандарының тілегін ескеріп, оларды Қарағандыда қалдыра ма – өздері де білмей қалғандай көрінді. Біресе олай делі, біресе бұлай делі. Әрі тартса Жезқазған халқы ши шығара ма деп көдік ойлады (жезқазғандық белсенділер петиция да жариялады, әлеуметтік желілерде пост, газет бетінде мақала жариялап, талап қоя бастаған еді), бері тартайын десе, Шет пен Ақтоғай шулап отыр. Енді осы мақала жазылып жатқан уақытта Ақадырды бөлек аудан етіп, сондай-ақ Нұра ауданындағы бұрынғы Теніз ауданын да қайта қалпына келтіріп, Ұлытау облысына қосатын сынайы бар. Бұл да болса «жыламаған балаға емшек жоқ» екенін көрсеткен тартыс болды.

Енді облысымыз көп облыстың бірі болып қала ма, жоқ әлде жанаша үлгідегі облыс болып қалыптасып, өзгеге үлгі бола ма? Осы бөліністен біз үміт күтуіміз керек пе, әлде ертең көңіліміз су сепкендей басылмас үшін, қазірден бастап көп дүние күтпей-ақ қояйық па? Менің ойымша бұл да өзімізге байланысты.

Ең әуелі Жезқазған төңірегінде халықтың ішінен ықпалды топ қалыптасып шығуы керек. Оның ішінде сөз ұстай алатын ақсақалдар, ортүрлі жастағы зиялылар және ел ішінде беделі бар азаматтар болуы қажет. Осы топтың өзінің бірлігі болуы керек және де. Ақсақалдар сақалын бұлдап, менікі жүре деп кетпей керек, зиялылар оқығанын айтып, кергімеуі керек, ал елдің ішінде абыройы бар бетті жігіттер тентектікке салып, киікшің бастамауы керек. Бұлар ең алдымен елдің мүддесін ойлауға тиіс. Өзін көрсетіп қалу, абырой, атақ дәмету, пайда тауып қалуды көкөсеу деген арам пияғылар болмаған жағдайда ғана бұл топ елдің қаймағына айналады.

Бұрыннан бар облыстарда жергілікті олигархтар, билікпен ілік-шатыс адамдар қалыптасып, бұл жүйеге бағынбайтын адамды ешқайда кіргізбей сіресіп отыр. Біздің Ұлытау – енді құрылайын деп отырған облыс. Ертең өкім тағайындалады, оның адамдары біртіндеп күшейеді, сырттан басқа да әлді кісілер көшіп келіп орнығады – осының бәрине уақыт кетеді. Олар тамырын жайып, бір-бірімен жең ұшынан жалғасып алмай тұрып, халық ішінен шығатын әлгі ықпалды тобымыз күш алып алса, жаңа облысымызда біршама әділеттілік орнатуға болар еді. Өйткені халықтың тілегі бір болып, елді басқарып отырған адамдарды қалт жібермей қадағалап отырса және халықтың беделді адамдары өздері де былғып кетпей, ақжолынан

айнымай отырса, қанша жалмауыз дегенімен жергілікті биліктегілерге де көп нәрсені былқытыру қиынға соғады.

Енді жаңа облысымыздың сипаты қандай болуы керек деген мәселеге келсек. Көп адам сол баяғы түсінікпен «Қазақмысқа» сенім артатынға ұқсайды. «Шикізатты сатумен күн көру – қарғыс» деген сөз бар. Яғни, адам мын жұмыс істетпейді, дамудың жолдарын іздемейді, барын сатып отыра береді. Шикізаты біткен күні қайыршыға айналады. Рас, осы күнгі адамдар өліп біткенше шикізат таусыла қоймас, бірақ бір күні болмаса бір күні түгелсіз біткені анық қой? Бала-ларымыз, я немерелеріміз сол күнге тап келеді. Сондықтан да Ұлыбританияда оқып келген білімді жігіттердің біреуі Қазақстан туралы былай деп еді: «Біз ата-бабамыздың еңбегінің нәтижесін көріп, осындай елде тұрып жатырмыз және де болашақ ұрпағымыздан қарыз алып жақсы өмір сүріп отырмыз». Қазақстанның мұнай, газ, мыс, уран сатып күнелтіп отырғанын меңзеп айтты, яғни Жезқазған «Қазақмысқа» тәуелді деп ойласақ, онда біз де сөйтіп отырмыз деген сөз. Сондықтан да, біз жаңа облысты құрған кезең кәсіптің басқа көздерін, дамудың басқа жолдарын ойластыруымыз керек. Қызылорда-Жезқазған, Ұлытау-Арқалық жолы жөнделсе ме? Жөнделсе, қандай мүмкіндіктер ашылады? Ақадыр бізге қосылса, одан әрі қарай Алматы-Астана тасжолынан Жезқазғанға келетін жолды үлкейттіруге бола ма? Мүмкін Семей жақтан Жезқазғанға теміржол салғуымыз керек шығар? Жезқазған-Бейнеу жолы салынды, енді осы көлденең жол сонау шығыстан басталса, мүмкін бұл республика үшін тиімді шығар? Бүгін болмаса да, он жылда шешілетін жұмыс болса, ол да жақсы емес пе? Біз алты айлық бір жылдықтар жоспармен шектелмей, он, жиырма, отыз, елу жылдық жоспарларымызды да құрып, қай жаққа қарай дамуымыз керек екенін жобалауымыз керек емес пе?

Қош, жол мәселесі шешілсе, оның мүмкіндіктерін қалай пайдаланамыз дедік қой. Жалпы, біздің климаттық жағдайымыз қандай кәсіптердің дамуына қолайлы? Сырттан келген адамдарға көрсете алатын бізде не бар? Осының бәрін қорыта келе, жерлесіміз Кенжебай Ахметов былай дейді: «Бізге ауылшаруашылығы дамуы керек. Мал және егін шаруашылығы. Мемлекет жолды жөнделіп, тауарынды сыртқа сатуға жағдай жасап беруі тиіс, қалғанын ел өзі істеуі керек. Одан соң, қалада ауылшаруашылық институты ашылып, осы төңіректе ғылымды дамуы керек. Содан кейін ауылшаруашылық техникасын жасайтын зауыттар да пайда болады. Бағыт анық болса, одан та-

быс келіп жатса, солай-солай дами береді. Бірақ ол үшін жергілікті билік те, халық та соған мұдделі болуы керек». Облысымыздың бағыты өз алдына бөлек тақырып болған соң және де Кенжебай Ахметовтың ойымен толық қосылатын адам ретінде ол кісінің ойын барынша ықшамдап берумен тоқталайын да, жаңа облыс туралы ойларыма қайта көшейін.

Біздің өңір – қайнаған тіршіліктен алыс жатқан өңір. Содан бастап, әлде басқа да себептері бар ма, жұмсартып айтқанда қызық-қызық әдеттер қалыптасқан. Мәселен, Ұлытаудың адамдары «ауылдастың аузы сасық» деген ұстанымды ақиқат көреді. Яғни, өзінен шыққан адамды сырттан келген адамнан бір саты төмен қояды. Бұл бір жағы «қолда өскен атанның тайлақ аты қалмайды» дегеннің кері шығар. Бірақ басқа жақтарда бір жердің адамдары өз ішінде бір-бірімен байланысып, арасынан біреу суырылып шықса, көтермелеп, қолдап жатады. Біздің жақта әркім өз бетімен. Күні бойы бұрыннан іштеріңізде жүрген адамдай сөйлеп отырмын, ал сіздер мынау кім деп оқып отырсыздар. Мақаланың басында өз-өзімді таныстырмай, әдейі осы жерге сақталдым. Мен Ұлытаудан шығып, ҚазҰУ-да оқып, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Қазақстан» ұлттық телеарнасында істеп, жас жазушы атанып, мемлекеттік тапсырыспен кітабым шығып, кейін баспа ісіне кеткен адаммын. Былтыр президент әкімшілігіне ұсынған жобам кейін «Сөзтүзер» деген атпен шықты. Биыл сол істі жалғастырып, бухгалтерияның тілін қазақшалайық деп отырмыз. Осындай қоғамдық жұмыстарға да араласып, өзімше сөз ұстаған болып жүрмін. Алматы мен Астананың зиялы ортасына біршама танылып қалсам да, өз жерім – Ұлытау-Жезқазған төңірегіне беймәлім-мен. Мен – бір ғана мысалмын. Өйтпесе, құрметті жерлестер, елімізден шығып сыртта үлкен табыстарға жетіп жүрген жастар жетерлік.

Енді осы жерде мен жершілдікті насихаттап отырғандай көрінуім мүмкін. Өсте олай емес. Менің айтып отырғаным – өз-өзіңді жаттай көр, жат жаныңнан түнілісің» дегеннің аясында ғана. Өйтпесе, Ұлытау мен Жанарқа, бұйыртыс Ақадыр мен Теніз аудандары қосылып бір облыс болғалы отырмыз, осы тұста аудан-аудан болып бөлініп, ішімізде қырық пышақ болып жатсақ, масқараның көкесі сол болады. Қай ауданнан шықса да азаматтардың мүмкіндігі бірдей болуы керек. Өйткені

біздің ортақ мүддеміз бар – жанаша үлгідегі озық облыс құру. Кім мықты – сол істесін, басқамыз тіреу болайық. Дүние кезек, бүгін ол болса, ертең сен бола-сың.

Тіпті өзге облыстан келсін, мейлі, қолыңан іс келе ме, қолың қақпауға тиіспіз. Өзің мықты болсаң, өзіңнен іс артылмайды, ал шамаң келмей жатыр ма, шамасы келетін адам істесін. Осы орайда, қазірден бастап қамдануымыз керек екенін де айтқа кету жөн болатындай. Жаңа облыс ашылған соң, басқа жақтың адамдары келмей қоймайды. Мүмкіндіктер ашылады. Сол уақытта өз жерімізде отырып өзіміз құр қалмай, ертерек көздеріне не болуға тырысуымыз керек. Жоғарыда айтқанымдай, бұл сырттан келген адамдарды кіргізбейік деген сөз емес. Бірақ біреу сырттан келіп істегенше қарап отырмай, өзіміз де ел екенімізді көрсетіп, қазірден бастап жанталасуымыз керек емес пе? Мемлекеттен бөлінетін гранттарды кім алады, жол бойында ашылатын кәсіп түрлеріне кім болады, бос жатқан жерлерді кім алып, мал ұстайды, көлдерді кім жалға алып, балық өсіреді, егіндік, шабындықтың қызығын кім көреді, шағын өнеркәсіптерді кім ашады?

Тәжірибесі жоқ, бәлен жыл бұйығып жатқан аймақ екеніміз анық, сылыр әдетімізге салып ертең тағы қанжырап қоймайық. (Әдейі қамшылау мақсатында осылай ба-тырыңқырап айтып отырмын, әйтпесе ел ішінде небір шырғып жүрген жігіттер барына сенемін).

Жә, айтылатын әңгіме аз емес. Мақаланы қорыта келе, жақын уақытта өзекті болатын бір мәселеге назар аударма деп едім. Ел ішіндегі әңгімеге қарағанда облысты басқару үшін бұрын облыс деңгейінде жұмыс істеген мамандарды сырттан шақырып жатыр екен. Соның ішінде Қарағандыдан көптеп шақырып жатқанға ұқсайды. Менің ойымша, үлкен қателіктің біреуі – осы. Бұрын да осы төңіректі басқарған адамдар, ертең келіп алып құлшынып бірнәрсені істемейді. Үйреншікті сұрлеуге тартып кетеді. Оның үстіне бізден бөлініп кеткен пендеуі реніш те болуы мүмкін, соған сай жанашырлықты аздау болады. Менің ойымша, бірінші кезекте, осы аймақтан шыққан, қазір сыртта жүрген, әсіресе Астанада қызмет істеп жүрген мамандарды арнайы шақыру керек. Келіп, облыс құрсын. Одан кейін осы төңіректе қызмет істеп жүрген, жұмысына адал, сол үшін де өсе алмай жүрген қыз-жігіттерді көтеру керек. Олар бұрын Жезқазған, Сәтбаев, Қаражалда істеді ме, жоқ Ұлытау, Жанарқа, Нұра, Шетте істеді ме, маңызды емес. Яғни, өз кадрларымызды өсіру қажет. Одан кейін барып, сырттан, оның өзінде Қарағандыдан емес, басқа облыстардан шақыру керек.

О бастан біздің облыс Президентіміз айтқан «Жаңа Қазақстан» форматында құрылмаса, бұрынғы ізге түсіп кетсе, бағанадан бергі айтып отырған сөзіміз бекер болып қалады. Сондықтан да, сөз басында айтқандай, әрбіріміздің серектілігіміз, белсенділігіміз, сауаттылығымыз маңызды болып тұр.

Арман ӘЛМЕНБЕТ,  
жазушы, баспагер.

# ТІПТІ АШАРШЫЛЫҚ БОЛУЫ МҮМКІН»

Мәселен, мен үшін «Жаңа Қазақстан» тұжырымы қаншалықты маңызды? Біріншіден, ол – ашық саяси тепе-теңдікті сақтаған, мықты саяси жүйе. Президентіміз бұл бағытты алдымен саяси жүйеден бастады. Өкінішке қарай, елімізде бүгінге дейін сақталған суперпрезиденттік жүйе тепе-теңдікті бұзып келді. Себебі бүкіл билік бір адамның қолында болды. Бұл модельдің жанан жері мықты азаматтар өздерінің жеке идеяларын, көзқарасын айта алмады, оған мүмкіндік берілмеді. Мәселен, мықты мемлекеттер институттар жақсы дамыған, олар қалыптасқан соң, экономикалық жүйесімен күшті. Институт – ойын қағидаттары, ережелері. Ал бізде экономикалық, әлеуметтік, білім саласындағы ережелер бірдей емес. Сондықтан біздің елде алдымен осы ережелер өзгеруі керек. Менің арнамым – Жаңа Қазақстанда сол институттарды құру, қалыптастыру, олардың жұмысын күшейту.

– *Сіз қалай ойлайсыз, мемлекеттік қызметшілер, әкімдік қызметкерлері Президенттің Жолдауын түсіне алабы ма?*

– Иә, шындығында да, биылғы Жолдауды түсінбей жүргендер көп. Негізінде, Жолдау мәтінінде Президенттің партиядан шықпайтындығы, мүшелігін, төрағалығын уақытша тоқтататындығы айтылған. Қазір депутаттар сол заңдарды қабылдауымыз керек.

Мәжіліс өзіне түскен ауыртпақшылықты, жауапкершілікті түсінеді. Мәселен, қазір спикеріміз Ерлан Қошанов мықты шешімдерді қабылдап, Президентімізді қолдап жатыр. Алдағы уақытта Мәжілістің жанында қоғамдық палата ашылады. Оның құрамына мықты сарапшылар, қоғамдық

белсенділер кіреді. Қоғамдық палата негізінде заңдардың тұжырымдамасын ашық түрде талқылайтын боламыз. Мысалы, алдағы уақытта Парламенттің қабырғасына кез келген адам келіп, ашық түрде пікірталас жасауы мүмкін. Екіншіден, «Сарапшы сағаты» сияқты пікірталас ұйымдастырып, мықты сарапшылар депутаттар алдында дәріс өткізуі де мүмкін. Қысқаша айтқанда, біз қазіргі таңда Мәжілісте талдау-зерттеу «бұлшықеттерін» өсіруге тырысып жатырмыз. Себебі қазір Мәжіліс көп жағдайда бейтарапсыз баға бере алмайды, барлық ақпарат бізге Үкіметтен келеді. Сондықтан алдағы алты ай-бір жылда Мәжілістің келбеті мүлде басқаша болмақ.

– *Алдағы 5-10 жылда қандай мамандықтарға сұраныс көп болады, қандай мамандықтардың жойылып кетуі ықтимал?*

– Біз соңғы жылдары «Жаңа мамандықтар атласы» жобасын жүзеге асырып жатырмыз. Бұл туралы epbk.kz-atlas сайтында толық жазылған. Сол жерде мамандықтар жайлы зерттеудің қорытындысын да алуға болады. Мәселен, мұнда 463 мамандық туралы зерттеулер жазылған. Оның ішінде 129-ы «өліп жатқан» мамандық болса, 95-і – өзгеріп жатқан мамандық, ал 260-тан астамы – жаңа мамандық.

Мен бес үлкен саланы айта кеткім келеді. Алдыңғы орында ақпараттық технологиялар саласы тұр. Мәселен, елімізде кәсіби IT мамандар тапшы. Екінші бағыт – киберқауіпсіздік саласы. Қазір әлемде, оның ішінде елімізде киберқылмыс бойынша деректер көбейіп отыр. Үшінші бағыт – коммуникация. Қазір ақпараттың көлемі көп. Сондықтан серверлік инфрақұрылымға мамандар өте қажет.

Сондықтан серверлерді жоспарлайтын, олардың архитектурасын дұрыс орнататын мамандар болашақта үлкен сұранысқа ие болмақ.

Екінші үлкен сала – денсаулық сақтау саласы. Мәселен, Қазақстанда эпидемиология, вирусология, микробиология, генетика салаларында мамандар өте аз. Біз пандемия кезінде мұны түсіндік.

Үшінші орында тұрған сала – білім саласы. Мысалы, былтыр елімізде 423 мыңнан астам бала дүниеге келген. Мұндай рекорд кенес заманы кезінде болған, нақтырақ айтсақ, 1987 жылы 417 мың бала өмірге келген. Президентіміз бұған дейін елімізде бір мың мектеп салу керектігін тапсырған болатын. Қазіргі таңда Қазақстанға мың мектеп те жетпейді. Себебі бір ауысымды мектептермен қамту үшін кемінде 3,5 мың жаңа мектеп салуымыз керек. Сол мың мектепті мамандармен қамту үшін 100 мың мұғалім қажет. Ең қуаныштысы, қазір ұстаздардың мәртебесі артып, жалақысы артты.

Төртінші сала – көлік-логистика саласы. Қазір кез келген тауарды тұтынушыға жеткізу үшін жаңа технология қажет. Міне, осы тұрғыда мамандар бізде тапшы.

Бесінші сала – ауыл шаруашылығы саласы. Бұл сала алдағы бес жылдықта ең маңызды салаға айналуы мүмкін. Себебі қазір елімізде генетиктер, мал дәрігерлері, агрономдар жетіспейді. Алда қиын кезең келе жатыр, тіпті ашаршылық болуы мүмкін. Сондықтан бүгіннен бастап бұл саланы дамытуды қолға алуымыз керек.

Бүгінге дейін Ресей мен Украина дүние жүзінің 30 пайызын май, ұн, бидай сияқты өнімдермен қамтып келді. Енді биыл Украинада дұрыс егін

болмайды, соның кесірінен біздің елімізде де қиындықтар болуы мүмкін.

Жалпы алдағы бес-он жылдықта сіз осы мамандықтарды меңгеріп, оқысаныз, болашағыңызға сеніммен қарай аласыз.

– *Әлемде дамыған мемлекеттің қай-қайсысын алсақ та ғылымға ерекше көңіл бөледі. Ал Қазақстанда ғылым саласы қарыштап дами алмай келеді. Ғалымдардың статусы жоқ, жалақысы аз. Жаңа Қазақстанда ғылым саласында қандай оң өзгерістер болады?*

– «Жаңа Қазақстан» ғылымы Қазақстан болуы керек. Ғылымды бағаламаған, түсіне алмаған кезде біз қазіргі жағдайға жетеміз. Мәселен, біздің басшылар қиын жағдайда, себебі бізде сценаристика жоқ, бір шешім қабылдау үшін оның салдары, қауіп-қатері қандай болатынын білмейміз. Қазір бізде шешімді шешу үшін жоспарлай білу қабілетіміз бірнеше аймен, ер дегенде бір жылмен ғана шектеледі. Сондықтан ғылымға ден қоюымыз керек. Ал дамыған елдер 20, 30, 50 жылдық стратегиямен өмір сүреді.

Соңғы 3-4 жылда мен «форсайт» аталатын болжам жасайтын ғылымның бір түрімен айналысып жүрмін. Дамыған елдер «форсайтты» кеңінен қолданады. Осындай болжамдар, сараптамалар біздің елімізде де жүзеге асырылса екен деймін. Жалпы біз ғылымды қолданбалы-практикалық тұрғыда дамытуымыз керек. Академия жұмысын жандандырып, ғалымдардың мәртебесін көтеріміз керек.

– *Сұхбатыңызға рақмет!*

Сұхбат «Адырна» ұлттық порталынан  
копиірін басылды

Әр ұлттың өзіне тән мінезі, дәстүрі, дүниетанымы, мәдениеті бар екені белгілі. Яғни, осының бәрі тұтас ұлтты құраушы әрбір ұлт өкілінің де бойында болуы заңды. Қасиетінен айналайын қазағымның асыл қасиетінің бірегейі қонақжайлылығы екені және даусы.

Арудың арындай, арқаның қарындай аппақ дастарқаны ақ көңілінің ақ жалауындай желбіреген қастерлі аталарымыз бен аналарымыз қандай аяулы! Ардақты, салмақты, жан-жақты. «Астың дәмін кіргізген тұз әулие, елдің сәнін кіргізген қыз әулие» деп тебіренген екен бір дана бабамыз. Досыңды – бауырың, дұшпаныңды – досың етер дастарқанды да әулие десек қателесе қоймаспыз. Астына қаланған қойдың қының қызуына бүлк-бүлк етіп қайнап тұрған қара қазан, күмбілдеме піскен сайын қымызының иісі танауыңды масайтатын күбі, ыстық майға бір сүзгіген соң-ақ ұялған қыздың жүзіндегі қызырып шыға келетін бүйірі тоқ бауырсақ толы шараның арасында бәйек болып әулетін ақ бәйбішелер ұлтымыздың салтанаты да, берекесі де емес пе! Осындай күндіз келген қырық кісі мен түнде келген қырық кісіге қабағын шытпай дастарқанын ала жүгіретін баршаға сүйкімді жанның бірі – Шәрипа Сайранбайқызы екеніне оның мыңдаған меймандарының күздік етері сөзсіз. Әруақ қонып, нар шөккен, ұлт тарихындағы ұлық орны үшін «Ұлт ұясы – Ұлытау» атанған қасиетті өлкеге ат басын тірмеген кісі некен-саяқ шығар-ау. Ал енді осынау көшпенділердің көшесіз астанасына тәу ете келген жақсы мен жайсаңның Шәрипа ананың қолынан дәм татуы да қасиетті жерде атқарылатын рәсімнің біріне айналғанын аңыз етіп жүрген адам аз емес. Мамыр айының басында сексенге толғалы отырған Шәрипа ана міне, осындай аяулы да ардақты жан.



## ЧАЙНАЯ

Маңдайшасында «Чайная» деген жазуы бар тамақтану орыны Ұлытаудың маңдайына біткен жалғыз еді ол кезде. Ауданмен аттас Ұлытау совхозының шекарасы аудан орталығының шеткі үйлерінің жанымен өтіп жатса осы совхозға қарасты «Чайная» асханасы тіпті ішкері орналасқан. Мал шаруашылығымен айналысатын шалғайдағы ауданның шаруасы бітуші ме еді? Қақпаған қыста, аңыздақты жазда күні-түні бір тынбайтын еңбеккерлердің шақыратын жалғыз орны осы асхана еді. Біздің кейіпкеріміз Шәрипа Сайранбайқызының барлық дерлік еңбек жолы осы бір қабатты, шағын ғимаратта өтіп келеді. 1960 жылдардың басында осында буфетші болып орналасқан ол көп ұзамай тыңғылықты ісі, байсалды мінезімен көзге түсіп уақыт өте келе асхананың меңгерушілігіне тағайындалды.

– Ұлытаудың табиғаты қатал ғой. Әсіресе қыста жолда қалып қойғандар үсініп-қабанып таңғы сағат 4-5 деймі аудан орталығына келіп жатады. Башылар дереу оларды тамақтандыру туралы тапсырмасын бере сала іске кірісеміз. Газ болса да жоқ. Электр тогы да жиі болмай жатады ол кезде. Май шамдарды әр жерге қойып, пеш жағамыз. Әйтеуір не істесек те қабақ шытпаймыз. Мемлекеттің тапсырмасын орындап жүрген адамдар ғой деп қызметімізді аямаймыз, – дейді Шәкен сол жылдарды еске алып.

Міне, содан бастап 1996 жылы осы асхананы жекеменшігіне алып немересінің атымен «Құндыз» деп аталатын кафе ашқанша және күні бүгінге дейін де Шәкеннің дастарқанынан

# БАРМАҒЫНАН БАЛ ТАМҒАН АСЫЛ АНА



## БІЗДІҢ АНЫҚТАМА:

### Шәрипа Сайранбайқызы САЙРАНБАЕВА

- 1942 жылы 4 мамырда Ұлытау ауданы, Қызыл Коммуна (Қаракенгір) ауылында дүниеге келген.
- Отағасы – еңбек ардагері, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы Тақан Шынберенов. Екеуі 63 жыл отасып, 5 ұл, 2 қызды өмірге әкеліп, 19 немере, 33 шөбере сүйіп отыр.

мыңдаған мейман дәм татып, батасын берген екен! Есімдері ұлтқа қадірлі Дінмұхаммед Қонаев, Нұрсұлтан Назарбаев, Сабыр Ниязбеков, Роза Бағланова, Шерхан Мұртаза, Камал Смайлұлы, Төрегелді Шарманов және бала жүздеген тұлғалар қызметін көріп, баталарын бергенін мақтана айтады отағасы.

– Отағасымың жасы тоқсанға таяп, өзіннің сексен жас мерейтойыма жетіп отырғаным сол алғыс пен батаның арқасы шығар. Бес ұл, екі қыз туып, өсірдік. Бүгінде 19 немере, 33 шөбереге ата-әже болып жайқалып отырмыз. Алланың мұнысына мың да бір шүкіршілік етемін – дейді ол жасаураған жанарынан аналық тебіренісі танылып тұрып.

## КӨК ТОБАТАЙ

Халықтың киналып отырған кезі еді ғой ол жылдар. Әкесі немесе ағасы соғысқа аттанбаған үй кемде-кем. Сыртта, қан майданда жүрген әр азаматтың тілеуін тұтас ел болып тілейтін белгілі. Азаматы келгеннен кара қағаз келген үйдің саны анағұрлым көп болып, елдегі әйел, бала-шағаның көз жастарын ішке жұтып жүрген жүдеу шағы ұлт тарихында таңбаланып қалды. Азаматы аман келген үй шаңырағына бақыт ұя салған құтты мекен.

Әкем Сайранбай 1945 жылдың соңында соғысты аяқтап бірақ келді. Менің үштен төрт жасқа қараған кезім. Әкемді танымаймын. Мына бөтен кісі үйге неге кәйп алды? – деп шешемді қызғанып әрі әкемді жатырқап жылдай-

тын көрінемін. Қу соғыстың әлегі емес пе бұл да – деп мұңая күлді Шәрипа ана. Сөйтіп жүргенде Сайранбай аға әскери есепке тіркелу үшін орталыққа барады ғой. Қайтарда кішкене ғана көк тобатайды ала келіпті жатырқап жанына жоламай жүрген қызына. «Маған бала болсаң, осы тобатайды саған беремін» деп жүріп қызының бетін бері қаратқан екен сонда Әкең. Кейін анасы «әке мен баланы табыстырып, татуластырған көк тобатай» деп сылап-сипап, сақтап ұстаған ыдыстың сыры осындай.

## БІР ӨКІНІШ, БІР ҮМІТ

Балалығы соғыс жылдарына түспа-түс келгендіктен ерте есейген тұтас бір буын ата, әже атанып отыр. Олардың жүздері әжімге, көкіректері сырға, жүректері мейірімге толы. Қуанышқа шүкір, қайғыға сабыр десіп өскендіктен сарқылмас сабыр, таусылмас төзімге не әрқайсысы. Елге қадірі артып, ұрпағының құрмет, қамқорлығына бөленіп отырған Тақан аға мен Шәрипа апаның да өмірлерінде шаттық пен мұң қатар өріліп жатыр. Бес ұл, екі қызының ішінде Қайратының жиырма алты, Сандуғашының он бес жасында өмірден өткені еске түскенде жан жарасы сыздап жүргендерінде төлбасы тұңғыштары Еркін де бақиға аттанды. Ата-ана үшін бұдан ауыр қайғы бола ма... «Ерте сөнетін шырақ жарқырай жанып манайына мол жарық түсіреді» демекші Қайрат та, Сандуғаш та жастайынан жанып тұрған жандар болған. Қайрат Украинада әскерде жүргенде полк командирінің саяси орынбасарынан «Қайраттай ба-

ланың ата-анасына алғыс айтамыз» деген хаттың келіп, толық мәтінінің жергілікті басылымда жариялануы, Сандуғаштың 8 сынып бітірген жылы атақты ҚызПИ-ға емтихан тапсырып, кенеттен өмірден өтіп кеткеніне бірнеше күн ғана өткенде «Сіз оқуға қабылдандыңыз» деген хаттың келуі біраз жайдан хабар берсе керек. Талғаттың қырық берген күннің ертеңіне өмірге келген ұлы бүгінде әке шаңырағының отын алаулатып отыр екен. Өмір жасы ұзақ болғай.

## ТАНЫСПАЙ-АҚ ТҮРМЫСҚА ШЫҚҚАН

Бір қызығы Шәрипа апамыз отағасы Тақан ағамызбен тұрмысқа шыққан күні танысыпты. Бүгінде Жезқазған-Ұлытау аймағының батағой ақсақалы болып отырған Тақан Шынберенов жасынан жетімдік көріп өскен екен. Әкесі Ұлы Отан соғысына аттанғанда 6-7 жасар бала әкесінен мәңгіге көз жазып қалған. Көрісулері мүмкін де болған, бірақ тағдыр жазуы басқаша бұйырған бір сәт туралы Тәкең бүгінде де өкіне отырып сыр шертті.

– 1943 жылы әкем Шынберген ауыр жараланып бір бүйрегінен айырылып, бір жақ қабырғаларының бес, алтауы сынған күйде Қарағандыға жеткен екен. Соғыс кезінің қаталдығы шығар әскери комиссия әкемді елге қайтармай көмір кенішіне жұмысқа жіберген көрінеді. Сол жұмыста жүріп екі айдан соң қайтыс болыпты. Осы күнге дейін «Шіркін сонда ілдебайлап елге жетсе күтім көріп, қуатты тамақ ішіп өмір сүре тұрар ма еді деп өкінемін» дейді тоқсанға таяп отырған Тақан аға.

Бірге туған ағасы мен апасы ерте шетінен соң, қарындасымен екеуін тістелеп жүріп жеткізуге тырысқан анасының нағашысы Көпей Нұржановтан көп жақсылық көргені, бара бара оның жалғыз ұлы Серікпен бірге туған бауырындай болғанын Тәкең зор

алғыспен жырдай етіп айтады. Осылайша әкесі Сайранбай мен елге қаддыры зор болған туысқан әкесі Сейіт Оспановқа қолқа сала жүріп Көпекөң он жетіге толып толықсып отырған Шәрипа сұлуды қамқорлығындағы Тақанға қосқан көрінеді. Шіркін сол кездегі адамдардың бойында асыл қасиеттері мол болған-ау. Жесірін жылатпай, жетімін жебеп жүргені өз алдына, ата-ананың ақ батасынан аттамай атастырғанға адал жар, отасқанына тіреу бола білгендері қандай ғажап. Осы одақтан алпысқа тарта жан өніп, өсіп отырғаны жаратқанның жарылқағаны емей немене? Міне, биыл отасқандарына 63 жыл толып отыр.

Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің тау-кен технологиялық институтының директоры (2017 ж бастап), «Пайдалы қазбаларды байыту» кафедралық меңгерушісі. ЖезУ «Алтын белгісінің иегері» (2019), А.Байтұрсынов атындағы «Күміс медалінің иегері» (2016). 150-ден аса ғылыми еңбектің және 18 оқу құралының авторы, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің инвестициялық гранттың иегері. Қайрат политехникалық институтының құрылысшы мамандығы бойынша білім алған соң, тара базасында қойма директоры қызметін атқара жүріп, кенеттен қайтыс болды. Талғат

## Шәрипа САЙРАНБАЙҚЫЗЫНЫҢ марапаттары:

- «Еңбек ардагері» медалі
- «Кенес тұтыну кооперациясының үздігі» тосбелгісі
- Жезқазған «Білім» қоғамының мүшесі
- «1979 жылғы Социалистік жарыстың жеңімпазы»
- «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі
- «Үздік адамдар» энциклопедиясының Құрмет белгісі орденінің иегері.

Тегіне тәрбиесі сай келгеннен болар, бұл отбасының ұл-қыздары оқуда болсын, еңбекте болсын қатарының алды болып жүр. Тұңғыш балалары Еркін марқұм жоғары білім алған соң, Ұлытау ауданында – аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы, аудандық ток беру мекемесінің директоры қызметтерін атқарды. Өткен 2019 жылы ауыр сырқаттан дүниеден озды. Қанат негізінен Жезқазған қалалық ішкі істер бөлімінде еңбек етті. Осы ішкі істер бөлімінен зейнеткерлікке шыққан. Қарлығаш орта мектепті алтын медальге, жоғарғы оқу орнын қызыл дипломға бітіргеннен кейін Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде пайдалы қазбалар кафедрасында қызмет атқарды. Техника ғылымдарының кандидаты, доцент.

та жоғарғы білімді. Көп жылдар бизнеспен айналысып, 2014 жылдан бастап Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде механик болып қызмет атқарады. Рахаттары жоғары оқу орынын аяқтаған соң Ұлытау ауданы әкімінің көмекшісі, аудан әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы, Ұлытау селосы әкімі қызметтерін атқарды. Осылайша еңбектеніп жүріп Ресей гуманитарлық университетінің заңгер мамандығын алғаннан кейін Ұлытау аудандық прокуратурасында прокурордың көмекшісі, аға көмекшісі, прокурордың орынбасары қызметін атқарды. Қазіргі таңда прокуратура органдарынан зейнеткерлікке шыққан. «Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілерсін» деген осы шығар.

Әнуар ОМАР.





Мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, публицист, Ұлытаудың ұланы Камал Сейітжанұлы СМАЙЫЛОВТЫҢ туғанына 90 жыл толды. Ұлттық мәдениет пен руханият дамуында елеулі із қалдырған даңқты жерлесіміздің биылғы мерейтойы жасампаз жаңалық – Ұлытау облысының құрылуымен тұспа-тұс келіп отыр.

Осы орайда, Т. Жүргенов атындағы Ұлттық Өнер Академиясының аға оқытушысы Сәуле Қасымқызы Ахметованың республикамыздың жоғарғы мемлекеттік басқару органдарында, «Қазақфильм» киностудиясында, «Қазақстан» республикалық телерадиокомитетінде, «Білім және еңбек» және «Ақиқат» журналдарында басшылық қызметтер атқара жүріп, қазақтың ұлттық киносы, телевизиясы мен көсемсөз өнерін заманауи талаптар деңгейіне көтеруге үлес қосқан заңғайыр тұлға туралы мақаласын назарларыңызға ұсынамыз.

неріндегі деректі сериалдар жанрының негізін қалаған тұлғалардың бірі және бірегейі екендігіне көзіміз жетеді.

Камал Смайылов кино мен телевизияда ғана емес, баспасөз саласында да жанашылдығымен танылып, айшықты қолтаңбасын қалдырған тұлға. 1960-жылы, небәрі 28 жасында «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде» журналы) деген атаумен қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми-танымдық журнал ашып, қазақ оқырмандарын, әсіресе, жастар мен жасөспірімдерді

жаңа кинотуындыны өндіріске жөнелтпес бұрын, шешуін табуы тиіс жұмбақтарының негізгілері – осылар болса керек. Осы сыпатта туындайтын сауалдарға жауап іздеуді өнертанушылардың еншісіне қалдыра отырып, бұл мәселеде өзіміздің көзіміз жеткен бір ғана «смайыловтық» тәжірибеге назар аударуды жөн көрдік.

32 жасында «Қазақфильмге» басшы болып тағайындалған Камал Смайылов студия төңірігіне қазақтың мәдениет пен өнердегі ұлы тұлғалары мен ұлт зиялыларын топтастыра білді. Бір ғана «Қыз Жібек» фильмінің шығармашылық

керектігін міндеттеп отырғанын айрықша атап өтті. Министр «Бұл бағыт бойынша, дұрыс мазмұндағы жалтыға арналған танымал кино-өнім жасау идеясының жүргізуі қажеттісіне» баса назар аударды.

Қазақ киносының көкейтесті мәселелері осылайша, мемлекеттік биліктің ең жоғары деңгейінде қарастырылып жатқаны отандық кино-өнері даму дәуірінің бүгінде сындарлы бетбұрыс қарсаңында тұрғанын білдіреді.

Қай салаға барса да қолға алған ісін ұршықтай иіріп, «жан бітіретін», халықтың көкей-

# ЗАҢҒАЙЫР

отандық және әлемдік ғылым, білім, техника саласындағы жаңалықтармен таныстырып, озық технология жетістіктерін жүйелі түрде насихаттай бастады. Оларды білім, ғылым, өнер үйренуге үндеді. Техника тілін меңгеруге баулады.

Журналда Камал Сейітжанұлының өтінішімен, алғашқы авторлардың бірі ретінде Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик Қаныш Сәтбаев өзінің «Қазына қоймасы - Қазақстан» атты талдау-публицистикалық мақаласын жариялады.

Қазақ басылымдарының арасынан ең бірінші болып, әл-Фараби туралы ғылыми мақала осы «Білім және еңбекте» жарияланды. Абылай хан мен Әбілхайыр ханның суреттері де тұңғыш рет осы журналда жарық көрді.

Ел тәуелсіздігі жарияланар қарсаңда, 1990 жылы «Қазақстан коммунисті» қоғамдық-саяси журналына бас редактор болып тағайындалған К. Смайылов журналдың сол кездегі Компартия Орталық Комитеті бекіткен атуынан бас тартып, оған «Ақиқат» деп ат қойды. Сол бір ғана шешімімен кеңестік, партиялық идеологиялық үгіт-насихат құралы болып келген басылымның

тобының құрамында фильм режисері Сұлтан Қожықовпен бірге, қазақ көркем өнерінің классиктері: сценарий авторы – Ғабит Мүсірепов, композиторы – Нұрғиса Тілендиев, редакторлары – Олжас және Асқар Сүлейменовтер, өлең сөздерінің мәтінін жазған – Қадыр Мырзалиев, суретші – Гүлфайрыз Ысмайылова, актерлар – Асанәлі Әшімов, Әнуар Молдабеков, Ыдырыс Ноғайбаев, Кененбай Қожабеков, Сәбира Майқанова, Фарид Шәріпова, Қауен Кенжетасов тағы да басқа мәдениет майталмандары қызмет істеді.

Ғабит Мүсіреповтың осы фильмге жазған сценарийін талқылаған ең алғашқы көркемдік кеңес отырысына Әбдіжәміл Нүрпейісов, Әнуар Әлімжанов, Тахауи Ахтанов, Қалтай Мұхаметжанов, Олжас және Асқар Сүлейменовтер, Шәкен Айманов, Әкім Тарази (Әшімов), Мәжит Бегалин сияқты қалың қазақ жұртына танымал жазушылар мен ақындар, драматургтар мен режиссерлар, тағы да басқа шығармашылық тұлғалар қатысып, пікір қосты.

1969 жылдың 4 сәуірінде өткен «Қазақфильмнің» көркемдік кеңесінде фильмнің алғаш түсірілген материалдары талқыланды. Оған жоғарыда аталған тұлғалармен қатар, сол жылдары Қазақстанның Мәдениет және Сыртқы істер Министрі болған, мемлекет және қоғам қайраткері, филолог-ғалым Мүсілім Базарбаев, Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Сыртқы істер министрі, Оқу министрі, майдангер-жазушы Әди Шәріпов, Қазақстанның халық жазушысы, кинодраматург Дмитрий Снегин қатысып, фильмнің сәтті шыққан тұстарымен бірге, кемшіліктерін өткір сынға алды. Бұл пікірталастың хаттамасынан үзіндіні Камал Смайылов өзінің «Фильм осылай туады» кітабында («Қыз Жібек» қалай туғанды? Алматы. «Өнер» баспасы, 1981 ж.) жариялаған.

Аталған туындының, қазіргі тілмен айтқанда, «кинопрокаттағы» аса табысты болуының негізгі себептерінің бірі – «Қазақфильмнің» сол жылдардағы «Бас менеджерінің» бұл киножобаға дарынды режиссер Сұлтан Қожықовпен бірге, ұлттың бүкіл интеллектуалдық әлеуетін біркәсідей жұмылдыра білуінде жатқанын сеніммен айтуға болады.

Осы орайда, соңғы онжылдықтардағы қазақ киносын жасау ісінен ұлт зиялыларының шетқақпай қалуы, ұлттық киноменеджмент біліктілігінің төмендеп кетуі, түптеп келгенде, жалпы отандық киноиндустрия саласы дамуының тежелуіне, егемен еліміздегі киноөнердің, ділі бөгде жұрттардың ықпалына шырмалып, ұлттық киножобаларымыздың рухани-көркемдік құндылығының құлдырауына әкеліп соқтырғаны құпия емес. Осы мәселер кино мен телевизия салаларының жай-күйін бес саусақтай білетін К. Смайыловтың «Егемен Қазақстан» газеті арқылы Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаға жазған хатында да көтеріліп, Камал ағамыз оған байланысты: «...Кино тоқырап тұр. Сондағы талантты режиссер-операторларды ТВ-ға тарту қажет. Біз де білім-тәжірибемізді жұмсап, ақыл-кеңес беруден бас тартпаса едік, бірақ қазір, Шерхан, осы жұрт ақыл-кеңес сұраудан ат-тонын ала қашады», – деп қынжылыс білдіргені белгілі. (К. Смайылов. «Көңілде жүрген ойлар көп», «Егемен Қазақстан»).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министрлігінің осы жылдың 16 қанында өткен кеңейтілген мәжілісінде Министр Дәурен Абаев еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл ішінде «Қазақфильм» студиясында 600-ден астам фильм түсіріліп, оның 52-сі, яғни 8 пайызы ғана үлкен экранға шыққаны туралы деректер келтірді. Осы ретте, ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың министрлікке тікелей тапсырма беріп, кино саласындағы алдағы уақыттарда атқарылатын жұмыстарды қазақстандық барша көрермендердің мүддесіне бағыттау

інде жүрген мұң-мұқтажын дөп басып, ұлттық мүддеге сай шешім қабылдай білетін, қазақ көркем мәдениеті мен руханиятында жасап үлгерген жасампаз істерінің ізі сайрап жатқан қайраткер тұлға Камал Смайылов «феноменінің» астарында не жатыр?

К. Смайыловтың жазған талдау мақалалары мен хаттарын оқып отырған әр адам, бірінші кезекте оның ойлау ауқымының кеңдігіне, жасаған түйіндерінің тереңдігіне назар аударатына күмән жоқ. Оның басты қасиеті – замана көшінен қалмау үшін қазаққа не қажет екендігін жете түйсін алатын зеректігінде; қай салада қызмет атқарса да, бірінші кезекте шешілуі тиіс негізгі мәселелерді қосалқы шаруалардан ажыратып ала білетін біліктілігінде; қажет деп тапса, қалыптасқан жүйені бұза жарып, халыққа пайдалы жобаның жолын ашуға ұмтылатын, соны жүзеге асыру үшін бар білімі мен білігін сарқа жұмсайтын қайраткерлігінде.

Қала берді, оқырман оның телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі екеніне көз жеткізесі. Камал Смайылов мәдениет пен білім, әдебиет пен өнер, ғылым мен техника, экономика мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі қоғамдағы жарымысы – баспасөз бен публицистика құралдарын бірінен бірін бөліп-жаруға болмайтын, адам өмірінің біртұтас құбылысы ретінде қарастырылған және аталған салалардың әлемдік деңгейдегі және еліміз бойынша даму барысы, бүгінгі мен болашағы, күн тәртібінде тұрған көкейтесті проблемаларын қай кезде де толық хабардар болып отырған.

Энергетика, металлургия, ауыл шаруашылығы, құрылыс кәсіпорындарының жай-күйін жүйелі түрде зерделеп, сараптап, әр құбылыстың мән-маңызы, бүгінгі мен болашағын оқырманға қарапайым тілмен талдап түсіндіре білді. Ел өмірінде ерекше маңызы бар қай тақырыпқа қалам тербесе де, сол саланың кәнігі маманындай ең көкейтесті проблемаларын тереңінен саралап, кәсіби ой түйе алды.

Осы орайда, 1972 жылы Алматыдағы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Біздің қарыш ғаламат» атты кітабын оқи отырып, К. Смайыловтың бұдан жарты ғасыр бұрын жазған кейбір ойлары еліміздің энергетика саласындағы қазіргі кезеңде туындап отырған маңызды мәселелерімен үндесіп жатқанын мойындамасқа болмайды. «Электр қуатының үш көзі, үш бұлағы бар деп айтуға болады. Оның ең бастысы, ең молы – жылу электр станциялары. Олар қазір электр қуатының төрттен үштен жуығын береді. (Кеңестер одағы бойынша. С. А.) Одан кейінгі орында су электр станциялары. Бұлар әзірге тоқтың бестен бірін беріп отыр, бірақ, барған сайын алар орны, қосар үлесі молая да зорая бермек. Ал, энергияның үшінші көзі – әзірше оннан біріне де жете алмай отырған жаңа туған нәресте, бірақ болашағы зор, алып база – атомдық энергетика». («Біздің қарыш ғаламат» «Қазақстан баспасы», 1972 ж.) К. Смайылов бұдан жарты ғасыр бұрын-ақ алдағы болашағынан зор үміт күткен «алып баланы», бүгінде энергия тапшылығын өткір сезіне бастаған Қазақстанға «жылу керек пе, керек емес пе?» – деген сипаттағы қоғамда туындаған пікірталасқа: «Атом қуатын жусатын, бейбіт мақсатқа алғаш қолдана бастаған еліміз атомдық энергетиканы жаңа сатыға көтермек. Оны өмір талап етіп отыр. 10-12 жылға арналған атомдық энергетиканы дамытудың перспективалық жоспары бойынша жалпы қуаты 80 миллион киловатт болатын бірнеше АЭС салынуы тиіс (Кеңестер Одағы бойынша. С. А.). Осыны атом қуатын алатын болсақ, онда электр энергиясын шығаруға жыл сайын жұмсалатын көмір 100 миллиард сом қаржы қажет болар еді. Атом қуатының арқасында осыны қаржы қатада қа-

Камал Смайыловтың ұлттық кино мен телевизия өнерін дамытуда атқарған қызметі жайлы аз жазылып жүрген жок. Камал ағамыз туралы қалам тербейтін әрбір мақала авторы, әр өнер зерттеушісі оның еңбегі мен қызметіне баға беруге әр қырынан келіп жатады. Еліміздегі кино, телевизия, өнер, публицистика, журналистика салаларына сіңірген еңбегін саралайды. Қайраткерлігі мен біліктілігі, қарапайымдылығы мен қамқоршылық қасиеттеріне баса назар аударады. Камал Смайыловтың аталған салалардағы қолтаңбасы шынында да өзіне тән бедерлігімен ерекшеленеді. Ол жетекшілік еткен мемлекеттік мекемелердегі көркемдік-шығармашылық және кәсіби-менеджерлік бастамалар мен ұйымдастырушылық шешімдер қоғамдық санаға сіңген кеңестік-идеологиялық тәрбиенің ықпалынан арбуға, тәуелсіз елімізде ұлттық құндылықтарды орнықтырып, оны одан әрі дамытуға қапысыз қызмет жасады.

Басқасын былай қойғанда, 1964-1971-жылдар аралығында «Қазақфильм» киностудиясының басшысы ретінде, кеңестік идеологияның ұлттық руханият, халықтық өнер салаларына енгізген шектеулері мен кедергілерін еңсере жүріп, Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібек», Шәкен Аймановтың «Атаманның ақыры» көркем фильмдері мен отандық анимация өнерінің тұңғышы – Әмен Хайдаровтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты анимациялық фильмінің дүниеге келуіне ұйытқы болуы, олардың өндірісін қаржыландыру-ұйымдастыру тұрғысынан кідіріссіз қамтамасыз етіп отыруының өзі – К. Смайыловтың қайраткерлік, азаматтық ерлігі деп бағалауға болады. Сол үшін-ақ, оның есімі қазақ киноөнерінің тарихына алтын әріптермен жазылуға лайықты тұлға. Ал, осы аталған үш кинотуындыны тек отандық кино өнерінің классикалық туындылары деп қана емес, жалпы қазақ көркем мәдениетінің өз құндылығын жоймайтын жауһар мұралары қа-

● «Қазақстан әлем алдына тең құқықты тәуелсіз мемлекет болып қосылды. Енді сол әлемдік деңгей, дүниежүзілік талап тұрғысынан қарағанда біздің алатын орнымыз, хал-жайымыз қандай, қандайлық екенін әрдайым бағдарлап-шамалап отыруымыз керек» (Камал Смайылов. «Қазақстан және әлемдік деңгей», 30 сәуір, 1993 ж.)

тарына қосып қарастырса да артық емес.

Телевизия өнері, салыстырмалы түрде айтқанда, жас өнер түрі болғандықтан, оның өнімдерін бағалауда кинодағыдай «классикалық» деген ұғым әзірге түпкілікті қалыптасапана. Дегенмен, бұл заманауи шығармашылық саласының да өзіне тән классикалық туындылары бар. Олардың арасында өткен ғасырдың 80-жылдары эфирге шығып, көрермендердің айрықша ықыласына ие болған «Тамаша», «Айтыс» сияқты тележобалардың күні бүгінге дейін шоқтығы биік тұрады. Жарты ғасырға жуықтаған тарихы болса да, бірі - ел жалынан өшпей, бірі - ел аузынан түспей келе жатқан аталған хабарлар қазір де көгілдір экраннан көрінсе, сан мыңдаған көрермен жинайды. Заманауи телеөнерде бұл көп кездесе қоймайтын құбылыс. Көрерменнің «көзінен» кеткен күні, «көңілінен» де жылыстайтын өткініш хабарлар емес, елдің есінде ұзақ сақталатындай халықтық жобалар жасауға ниеттенген болашақ авторлар мен өнер зерттеушілері үшін, сөз болып отырған бағдарламалардың телешығармашылықта жеткен жетістігі – зерікпей зерделеуге сұранып тұрған тақырып.

● «Қазақстан дүниежүзілік ғылыми байланыс құрылымына кіруі тиіс. Халықаралық ұйымдарға техникалық, технологиялық орталықтарға ену өте қажет. Бұл жағынан біздегі Байқоңыр ғарыш аймағынан және ғарышқа байланысты ғылыми-техникалық проблемаларды шешуге араласамыз». (Камал Смайылов. «Қазақстан және әлемдік деңгей», 30 сәуір, 1993 ж.)

Жоғарыда аталған тележобалардың бастауында тұрған тұлға да – сол кездегі Қазақ телевизиясы мен радиосы жөніндегі Мемлекеттік комитетін басқарған Камал Сейітжанұлы екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Ал, бұл айтылғандарға Камал Сейітжанұлының тікелей жетекшілігімен түсірілген «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты 40 бөлімнен тұратын деректі бейнехикаяны қоссақ, К. Смайылов – Қазақ теле-

тақырыптық бағыт-бағдарын күрт өзгертіп, оны «зиялыларға арналған журналға», қазақ қоғамының көкейтесті, өткір мәселелерін көтеретін ұлттық ақиқат мінберіне айналдырды.

К. Смайыловтың отандық кино, телевизия, баспасөздің дамуында қалдырған өзге де ұқсамайтын өзіндік айшықты қолтаңбасын саралай отырып, бүгінде жоғарыда аталған салаларда елу жыл өтсе де ескірмеген, уақыт сынынан сүрінбей өтіп, көрермен мен оқырманның елдік санасын серпілтен қандай кинотелетуындылар мен баспасөз өнімдерін өмірге әкелді?

Олардың ұлттық-рухани, көркемдік-шығармашылық қуаты қаншалықты тегеурінді?

Камал Смайылов «Қазақфильм» студиясын басқарып тұрған 1964-1971-жылдары түсірілген «Атаманның ақыры», «Тақиялы періште», «Артымызда Москва», «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек», «Мәншүк», «Шоқ пен Шер» тағы да басқа фильмдердің күні бүгінге дейін көрермендердің ең қызыға көретін ұлттық кинотуындыларының қатарынан тұрақты орын алып жүргеніне не себеп?

Уақыт өткен сайын көрерменнің ықыласы

мен қызығушылығы кемімей, керісінше арта түскен, «жер бетінің сан тарапында жүрген қазақтар бейнежазу таспасына көшіріп алып, үйді-үйлерінде ұстайтын» (К. Смайылов) «Қыз Жібек» кинофильмінің көркемдік құпиясы неде?

Заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаевтың пікірінше, қазақ көркем мәдениетін жаңа деңгейге көтерген «Мәдениет менеджері» – Камал Смайыловтың бүгінгі ізбасарларының әрбір



қалыптасқан «төтенше» жағдайды сынап қана қоймай, сауатты сарапшы ретінде ел экономикасының құлдырап, бағаның шарықтап өсуіне әкеліп соқтырған, соның салдарынан халықтың әлеуметтік жағдайын күрт нашарлатқан «жабайы нарықты» енсеру жолдарын ұсынады. Ендігі жерде «Өндірісті, еңбек өнімділігін дамытсақ қана осы тығырықтан шыға аламыз» деп түйіндейді автор.

Кез келген күрделі тақырыпты цифрларды ойната, сөйлете отырып талдау – Камал Смайылов көсемсөзінің негізгі ерекшелігі, оның публицистикалық қолтаңбасы деп қарастырған жөн. Ендігі жерде, Смайылов публицистикасының негізінде заманауи қазақ көсемсөзшілер мектебін қалыптастырып, оның ізбасарларын дайындау – өмір талабы.

Өйткені, бүгінгі журналистика мен публицистика тәжірибесінде қысқа да нұсқа жазуға үйрену – күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Әсіресе, әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды талдағанда, салыстырмалы деректерге бай көкейтесті мақалаларға оқырмандардың қы-

экономикалық, мәдени, рухани өміріндегі жылт еткен жаңалықтар мен елеулі өзгерістердің тамырын тап басып, оларға өз көзқарасын білдіріп, үнемі үн қосып отырды. Ол еліміздің жоғары мемлекеттік органдары мен қоғамдық ұйымдарында жауапты қызметтер атқарып немесе мәдениет, өнер, баспасөз салаларына басшылық жасап жүргенде де қолынан қаламын тастаған жоқ. Шығармашылық қызметінде танымдық-публицистикалық тақырыптарға арналған 15 кітап жазып, өзекті мәселелер көтерген 400ге жуық мақалалар мен очерктер жариялады. «Энергетика – ел қуаты», «Металлургия – индустрия қаңқасы», «Болат тракторлар – бүгінгі селоға», «Қазына сандығы қайда? Оның кілті кімде?», «Ет пен сүт фермада...содан кейін...заводта өндіріледі», «Адам және жер: кім кімге табынады?», «Адамның күдіреті – ой», «Ғарыш және Қазақстан», «Ғылым. Интеллект. Қиял», «Шығарма парасаты – проблема», «Болашаққа барлау жасасақ», «Экранда – Әуезов туындылары», «Атаманның ақыры қалай туды? Ой-сценарий-фильм», «Бастық болу құрмет пе, қызмет пе?» – деген аталарының өзі айтып тұрғандай, қазақ елінің талайлы тағдырында Камал Смайыловты толғандырмаған тақырып жоқтай көрінеді.

Ол проблемалық талдау мақалалары мен тақырыптық шолулары арқылы еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге келген жаңа міндеттер мен үлкен жауапкершіліктің салмағын саралап, ендігі жерде қабылданар әр шешімнің, әр құбылыстың мән-маңызы мен мақсат-мүддесін халыққа ұғындырып отырды өзінің азаматтық парызы санады.

Осыдан 30 жыл бұрын жариялаған «Қазақтар және әлемдік деңгей» атты мақаласында: *«Қазақстан әлем алдына тең құқықты тәуелсіз мемлекет болып қосылды. Енді сол әлемдік деңгей, дүниежүзілік талап тұрғысынан қарағанда біздің алатын орнымыз, хал-жайымыз қандай, қандайлық екенін әрдайым бағдарлап-шама-лап отыруымыз керек»* («Қазақстан және әлемдік деңгей», 30 сәуір, 1993 ж.) – деп жазды. Әлемдік өркениетке ғылыми-техникалық дамудағы «қазақстандық» үлесімізбен кірігіп, қосылуға үндеді. Әрине, ол үшін бірінші кезекте ғылым мен техника салаларының дүние жүзілік деңгейдегі мамандарын даярлау қажет. К.Смайыловтың 1993-жылы жазған бұл пікірлері, күні кеше ғана Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың ғалымдарға ғылыммен айналысу үшін жағдай жасау және қазақтың ұлттық техникалық мамандарын даярлау қажеттігі туралы үкіметке берген тапсырмаларымен үндес келіп отырғанын атап айтқан жөн. Смайыловтың пікірінше, ендігі жерде, *«Қазақстан дүниежүзілік ғылыми байланыс құрылымына кіруі тиіс. Халықаралық ұйымдарға техникалық, технологиялық орталықтарға ену өте қажет. Бұл жағынан біздегі Байқоңыр ғарыш аймағынан және ғарышқа байланысты ғылыми-техникалық проблемаларды шешуге араласамыз»*. («Қазақстан және әлемдік деңгей», 30 сәуір, 1993 ж.)

Қазақтың талантты жастары заңғар биіктер мен үлкен мақсаттарға қаймықпай ұмтыларына нық сеніммен қараған біртуар тұлға болашақ ту-

**«Қазақстан дүниежүзілік ғылыми байланыс құрылымына кіруі тиіс. Халықаралық ұйымдарға техникалық, технологиялық орталықтарға ену өте қажет. Бұл жағынан біздегі Байқоңыр ғарыш аймағынан және ғарышқа байланысты ғылыми-техникалық проблемаларды шешуге араласамыз». (Камал Смайылов. «Қазақстан және әлемдік деңгей», 30 сәуір, 1993 ж.)**

Тағы бір мысал: *«Металды құяғанда, өңдегенде, кескенде жиналатын барлық қалдықтарды қосқанда жылына 56 миллион тонна металдың 12 миллион тоннасы «қалдық» деп іске жаратылмай қалады. Бұл-машина жасау өнеркәсібінде жұмсалатын бар металдың 20 проценті»* («Біздің қарыш ғаламат» «Қазақстан баспасы», 1972 ж.)

Сандарды осылайша куәлікке тарта отырып жазу – кез келген автордан көсемсөз саласындағы шеберлікті былай қойғанда, үздіксіз ізденіс, үлкен еңбекқорлық пен қаламгерлік қажырлылықты талап етеді. Ондай қасиеттердің барлығы да К.Смайыловқа табиғатынан дарыса керек. Оның осындай дарынын өнердегі әріптесі, өмірдегі досы, қазақ көркем әдебиеті мен журналистикасының дарабозы Шерхан Мұртаза айрықша құрметтеп: *«Біз болсақ, «Қазақстан ұлан байтақ, Қазақстан бай» деген жалты ұғыммен сөйлейміз. Сен болсаң, сол байлықты нақ цифрлармен сөйлетесің. Цифрлар сенің құлдырадап жүрген жиендерің сияқты. Тіпті жердің жеті қат астында жатқан байлықтың*

ралы былай деп ой түйеді: *«...біз қазір «Марсқа ұшу», «Ядролық двигатель», «Нобель сыйлығы» деген бүкіл адамзаттық асқақ дүниелерді атап, айтып отырмыз. Әлемдік деңгейге ұмтылу деген осы. ...Сонымен, енді атқарған ісімізді, қозғалған ойымызды әлемдік деңгейде қарайтын, алған орнымызды дүниежүзілік тұрғыдан баалайтын болайық. Қасиетті де жауапты заман келді...»* («Қазақстан және әлемдік деңгей», 30 сәуір, 1993 ж.) Бұл айтылған ой-толғамдарды Камал ағамыздың біздерге арнаған өсиеті, қалдырған аманаты ретінде қабылдауымыз керек.

...Бірде Камал Сейітжанұлы өзінің қойын доптеріне көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы-публицист Әнуар Әлімжанов туралы: *«Әнуар барша адамзат алдында өзін кінәлі санайды»* – деп жазып қойған екен деседі.

Ал, мен өз тарапыман шағын жазбамның соңына: «Камал Смайылов – егеменді елімізде болып жатқан ірілі-ұсақты, жақсылы-жаманды үдерістердің барлығының да өзіне тікелей қатысы бар және сол шаруалардың оң нәтиже беруіне өзін бірден бір жауапты адаммын деп санаған

**«...біз қазір «Марсқа ұшу», «Ядролық двигатель», «Нобель сыйлығы» деген бүкіл адамзаттық асқақ дүниелерді атап, айтып отырмыз. Әлемдік деңгейге ұмтылу деген осы. ...Сонымен, енді атқарған ісімізді, қозғалған ойымызды әлемдік деңгейде қарайтын, алған орнымызды дүниежүзілік тұрғыдан бағалайтын болайық. Қасиетті де жауапты заман келді...» (Камал Смайылов «Қазақстан және әлемдік деңгей», 30 сәуір, 1993 ж.)**

бәрін грамдан өлшеп, есепшотты сарт-сұрт еткізіп, тиынына дейін шығарып қоясың. Сөйтесің де «Қазақстан қазба байлықтары - 10 триллион доллар!» - деп бір-ақ тоқ еткізесің» (Ш.Мұртаза. «Алтын сандықтың кілті кімде?» «Егемен Қазақстан», 1996 ж.) – деп, оның сарапшылық біліктілігін сөзсіз мойындап, жоғары бағалаған.

К.Смайылов қазақ қоғамының әлеуметтік,

Тұлға» деген түйінсөзімді тіркеп қояйын. Алаш көсемі Әліхан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету – мінезден» дегенде Камал ағамыз сияқты заңғайыр тұлғаларымыздың қазақ ұлтына қызмет жасаудағы осындай мінезін мензесе керек.

Сәуле АХМЕТОВА  
Т. Жүргенов атындағы ҚҰӨА  
аға оқытушысы.

**АҚПАРАТ АРНАСЫ**

**Мүгедектігі бар азаматтарға жағдай жасалады**

*Таксопарктер әрбір 10-шы көлікті мүгедек жандар үшін бейімдеуі тиіс. Жарымжан адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған заң жобасында осындай норма қарастырылып отыр.*

*Құжатта тағдыр жазуымен тауқыметке тап болған адамдарға әлеуметтік және медициналық көмек көрсетуді жақсарту тетіктері нақты жазылған.*

Әрбір 10 таксиге мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген бір таксиді қамтамасыз етуі тиіс деген түзетулер енгізіліп отыр. Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнамаға сәйкес таксопарктер әрбір 30-шы такси көлігіне мүгедектігі бар адамдарға бейімделген бір таксиді қамтамасыз етуі тиіс, яғни аталған норма мүгедектігі бар адамдарға тиімді жағдай жасауға бағытталған.

Қазақстанда мүгедектігі бар 700 мың адам тұрады. Олардың жыл сайын медициналық комиссиядан өтіп, өзгермейтін диагнозын қайта дәлелдеу мәселесі жиі көтерілетін. Сондықтан, былтыр 12 түрлі нозологиялық ауру түрлерінен «мүгедектікті сырттай анықтау пилоттық жобасы» басталған. Енді осы шаруаны заңды түрде бекіту көзделіп отыр. Сондай-ақ, мүгедектігі бар баланы санаториялық-курорттық емдеуге алып жүретін ата-ананың біреуіне қаржылай көмек көрсетілетін. Яғни, оның тамақтану, жатын орнына кететін шығындары өтеледі.

**Елімізде 2024 жылдан кейін газ экспорты мүлдем тоқтатылмақ**

*Елімізде 2024 жылдан кейін газ экспорты мүлдем тоқтатылмақ. Өйткені ішкі нарықта сұраныс артқан соң, көгілдір отын өзімізге қажет.*

Алдағы жылдары тапшылық болатынын Энергетика министрі кеше Үкімет сағатында да айтқан еді. Бүгін экспорт тоқтайтынын және газ 2025 жылы қымбаттайтынын жеткізді. Болат Ақшолоақовтың айтуынша бағаны көтеруден басқа амал жоқ. Өйткені қазір еліміз сыртқа газ сатып, түскен табысқа ішкі нарықты субсидиялап отыр. Бізде баға содан арзан. Енді экспорт тоқтайтын болса, құнды қымбаттатуға тура келеді дейді министр.

**Бұдан былай ыдыс-аяқ, есіктер, еден жабындылары, керамикалық плита мен газоблоктар өзімізде өндіріледі**

*Бұдан былай ыдыс-аяқ, есіктер, еден жабындылары, керамикалық плита мен газоблоктар өзімізде өндіріледі. Импортты алмастыратын тауар түрлері бұл ғана емес.*

Премьер-министрдің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында отандық өндірісті дамыту жайы сөз болды. Жаңа жобалар таныстырылды. Жалпы алғанда 2025 жылға дейін Ішкі нарықтың 60 пайызын өз өнімдеріміз қамту көзделген.

Өткен жылы 38,3 млрд теңгенің өнімі сырттан алынды. Елге келетін тауардың көбі импорт. Енді Үкімет өзгере іек артуды қойып, отандық өнім көлемін көбейтпек. КЕСТЕ: Биыл өңдеу өнеркәсібіне қатысты 165 жоба жүзеге асады. Құны - 1,7 трлн теңге. Негізгілеріне тоқталсақ, пропилен, автомобиль шиналары, алтын өндіру фабрикасы мен мұнай өңдейтін зауыттың құрылысы биыл басталады. Жалпы, машина жасау саласында 21 химия өнеркәсібінде 18, құрылыс материалдарына қатысты 24 жоба жүзеге аспақ.

Қайырбек Өскенбаев, ҚР Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрі: «Жалпы керамикалық плиталар, автоклавы газоблоктар, жылу оқшаулағыш материалдар, сандвич-панельдер сияқты тауарлар бойынша импортты толықтай алмастыру жоспарланып отыр. Бұдан басқа, елімізде бұрын-соңды өндірілмеген санфаянс, бөлмеаралық есіктер, лакталған ағаш-жаңқалы такталар, еден жабындары сияқты тауарлардың өндірісі іске қосылатын болады. Керамикалық плиталар, кальцийленген және каустикалық сода, жылу оқшаулағыш материалдар, арнайы кокс, калий тыңайтқыштары және басқа да тауарлар бойынша импорт толықтай алмастырылады деп күтілуде».

*Ақпараттар ұлттық арна сайтынан алынды.*



(Жалғасы. Басы газеттің №12 (8275), №13 (8276), №14 (8277), №15 (8278) сандарында.

## БӨРІТОН

Тілімізде бөрітон/ды деген сөз бар. Мәшекен Жидебай батырды суреттегенде бөрітонды деп жазады. Осы сөзді де алғауыз қолданатынымыз байқалады. Оны өзіміз аңғара бермейміз. Содан да барып қасқыр ішік мағынасында түсініп, сол мағынада қолданып жүрміз.

Шын мәнінде бөрітон да қазақтың тонына, оның ішінде сыртына (сырттон) жатады. Бөрітон деген сөз бөрі киім деген сөз. Қасқыр ішік те қазақ баласының сыртына. Қасқыр ішікті екінің бірі киді десек те бөрітон жөнінде олай деп айта алмаймыз. Бөрітонды екінің бірі кимеген. Ондай мүмкіндік бола да бермеген. Өйткені қасқырдың бөрі бөрі емес.

Бөрі дегеніміз жұпқа түсетін қасқырдың жалы. Ал қазақ аңшылары ешқашанда бөрі соқпаған. Сонда қазақ баласы қайтп бөрітон киіп жүр?

Бір әуекте жалы бар, шуланы бар отызға тарта қасқыр болады. Соның біреуі ғана бөрі. Жұпқа түсетіні. Қалған жалдардың барлығы да бөріден үміткерлер. Сол жалдардың бөрі болуы мүмкін бе? Мүмкін болса ол қалай өтеді?

Бөріден үміткер жал өзінің шешімен (бөрте), қарындасымен (шулан), не апасымен (шулан) еш уақытта жұпқа түспейді. Қасқыр баласының тектілігін осыдан-ақ аңдауға болар. Олай болса бөріден үміткер әуектен шығуға мәжбүр болады. Бөріден үміткер деген сөз өз алдына әуек құрушы деген сөз. Әуек құру үшін бөрте керек. Оны қайдан алады? Басқа әуектен!

Жалпы, тіршілік дүниесінде нәпсісін қанағаттандыруға келгенде еркегі ұрғашысына қарағанда осал келеді. Бұл адам баласына да қатысты. Бұл қасқыр баласына да қатысты. Содан барып әуектегі жалдардың барлығы бірдей болмаса да, өз алдына әуек құруға ұмтылушылар ішнәра болады. Мұндай жағдайда әуектің қатал заңы бойынша ол әуектен шығып қалады.

Енді ол әуектің шапағатына бөлене алмайды. Ортақ қазаннан үлес тимейді. Бір сөзбен айтқанда өз күнін өзі көретін болады. Әуектен шығып қалған мұндай жалды бұралқы дейді! Бөрі болғанша бұралқы бастан талай сынақты өткерді. Соның бастысы көрегін тауып жеуі. Ең алдымен оның аң аулау аймағы болмайды. Аңға бірігіп шығатын әріптесі болмайды. Қасқыр ешқашанда жалғыз аң ауламаған.

Бірақ сондай күн туған. Бұралқының басына. Өз алдына әуек құрам, бөрі болам деушілердің барлығы да осынадай сынақтан өткен. Әуектен шығып қалған мұндай бұралқылар аң аулау аймағы болмағандықтан ауылды торуылдайды.

Қазіргі уақытта БАҚ беттерінде қалаға қасқыр кіріп кетті деген байбалам мақалалар өріп жүр. Оның өзінде елді қорқытып құтырғаны дейді. Шын мәнінде олар – бұралқылар!

Қазақ баласы итқұс деп қасқырға қаратып айтса да негізінен осы бұралқыға қаратып айтқан. Өйтпесе, әуек ауылға шабуыл жасамайды. Ал бұралқылар шабуыл жасайды. Ауылға. Қой-қораға. Тауыққораға...

Мүмкіндік болып жатса ит дауысына салып, итті ауылдан шығарып алып жәукемдеп кетеді. Құс дауысына салып, құсты да, оның ішінде дуадақ пен құрларды баудай түсіреді. Осының бәрін істейтіндер бұралқылар. Неге бұралқылар?

Әуектен шығып қалған бұралқылар да бірігеді. Бірақ бұларға әуек заңы жүрмейді. Содан барып олардың бөріге ұмтылған ғұмыры ұзаққа бара бермейді.

Әуектегі жалдар ешқашанда бірін бірі тастап кетпейді. Ал бұралқыларға бұл заң жүрмейді. Сондықтан да олар қилы жайттарға ұшырап жатады. Қорек қамымен бас қосқан бұралқылар қауіп төнгенде өз бастарын сауғалайды. Осыдан барып олардың ғұмыры қиылып жатады.

Бөрітонымыздың шикізаты, тоны осы бұралқылар, бөрі болам деп талпынған жалдар. «Бұралқыға бар өлім бөріге жоқ» деген сөз содан қалған. Қасқыр ішік деп сөйлейтін қазақ баласы қасқыртон деп сөйлемейді. Және керісінше бөрітон деп сөйлейтін бабаларымыз бөрі ішік деп айтпаған. Демек бұл жерде де бір кілттілігі болғаны.

Қасқыр ішік ең алдымен сыртан, сырт киім. Сырт киім болғанда қысқы киім. Адам жанының қорғаны. Қалай дегенде боранды-шашындыдан бір адамның жанын алып қалады. Одан қалса салтанат киімі. Қасқыр ішікті жанның айбары асып тұрады. Оны үлкен де, кіші де кие береді.

Бөрітонның жөні басқа. Оны кез келген адам кие бермейді. «Бөріұлтарының жеті жерде үйі» бар деген сөз де тегін айтылмаған. Қырықтан асқан ер-азаматтардың барлығының ұлтарықтары осы бөрі пұшағынан сырланған. Өйткені ондай ұлтарық суыққа алдырмайды.

Ал бөрітонды қырыққа дейінгі ер-азаматтарына кигізбеген. Қандай жағдайда болсын. Себебі біреу, еркек шауқатын жасытқан... Бөрітонды азамат серігін суыққа алдырғанда, болмаса боранды күнде жолда қалдырғанда оған кесікті құн белгілеген. Оның айбанасына толық құн төлеген.

Ал қасқыр ішікті ондай құн белгіленбеген. Қазақтың Секенбай, Токсанбайларының әкелері осы себептен бөрітонды болған. Қазақ ішінде бөрітонды қалау, болмаса бұйымтайға шығару болмаған. Ал тон иесі өзінің қалауына қарай бөрітонын сыйлай алған.

Тонды болатыңыз! Бөрітонды...

Әуекбасыны жазбай тануға болады. Оның құйрығы қайқы жүреді. (Осы жерде «Ауыл итінің құйрығы қайқы» деген мәтелді еске түсіріңіз). Қалғандарының қысыңқы (түсіңкі) болады. Оның ішінде өзгенің ақылымен жүретіндері құйрықтарын қысып жүреді. Бұтына.

Кім әуекбасы болады, болмаса бола алады? Әуекбасы әуектегі ең аузылысы... Ең қарулысы... емес.

Керісінше ең ақылдысы! Әуек ақылға бағынады! Әуек ақылды мойындайды! Орман жұртының альфа самеці бізде бөрі аталады. Альфа самка бізде бөрте аталады.

Бөртеңі бөрі тандайды. Әуектегі жұптасытыны осы екеуі – бөрі мен бөрте! Бұлар бір-ақ рет жұптасады. Оларды тек өлім ғана айырады. Сонда әуекбасыны кім алмастырады?

Бета самец дейді орман жұрты. Қосы дей-

## Төрехан МАЙБАС, жазушы

# ҚАСҚЫР – БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗ!



## ӘУЕК ЗАҢЫ

Ақыл... Көптің ақылы... Аздың ақылы... Жалғыздың ақылы... Мына әлем құламай тұрса ақылға сүйеніп тұр!

Қасқырақылдыжаратылыс. Олжалғызжүргенінде де, көптің ішінде жүргенінде де ақылнан ажырамайды, алжаспайды. Ол не нәрсені болсын ақылмен шешеді.

Олар әуекті де ақылмен құрады. Ақылмен басқарады... Әуектегі әрбір ақылды қасқырдың ұраны... Бірі бөрі үшін...

\*\*\*

Қасқырдың үйірін әуек дейді. Орман жұрты стая дейді. Әуекті басқаратын қасқырды әуекбасы дейді. Орман жұрты жолақ дейді. Осы жерден бастап дала жұрты мен орман жұрты арасында түсініспеушілік басталады. Өйткені орман жұртында альфа самец, бета самец, альфа самка деген түсінік бар. Қисын бойынша альфа самка болғандықтан бета самка да болу керек еді. Алайда айтылмайды. Өйткені бета самканың мәртебесі толық анықталмаған.

Әуектегі жалдардың барлығы да әуекбасылыққа ұмтылады. Алайда ондай дәрегейге жететіні некен-саяқ болады. Өйткені әуекбасы болу екінің бірінің басына жазылмаған. Сондай себеппен өмірінің соңына дейін әуектің мүшесі (алғайдай, тоспашы, шабуылшы, қарауыл) болып жүре беруі мүмкін.

Бұл табиғат заңына қарсы жайт. Бұл нонсенс. Өйткені он сегіз мың мақұлықат әлемі көбею үшін жаралған. Сонда қалай болғаны?

Кез келген жанды мақұлықат ең алдымен тамағына тәуелді. Бірінші кезекте қорек тұрады. Екінші кезекте қауіпсіздігі тұрады. Үшінші кезекте ғана көбеюі тұрады.

Әуектің заңы осы үш ұстынға негізделген. Қасқыр дүниесі осы үш мәселені шешу үшін әуекке бірігеді. Қоғамдасып қорек табады... Қоғамдасып қорғанады (қауіпсізденеді)... Қоғамдасып көбейеді... Анығы қоғамдасып көбеймейді...

ді бізде. Ел ішінде әуекқосы деп те айтушылық бар. Бұл өте күрделі өтетін процесс.

Әдетте бір әуектегі қасқырлардың барлығы бір ата-анадан (бөрі-бөрте) тарайды. Ал қасқыр өзінің анасымен, қарындасымен, қызымен жұптаспайды. Бұл көктен түскен пәрмен. Олай болса бөртеңі ол басқа әуектен іздейтін болады. Мұндай жағдайда әуектің бөртегі алғашқы мәртебесінен айырылып, жай ғана әуек мүшесі болып қалады.

Әуекбасы ақылды болса әуек те ақылды болады. Мұндай әуек өзі де өмір сүреді, басқаларына да өмір сүруіне жағдай жасайды.

Мұндай әуектер әуек заңын қатал ұстанады. Және оған өздерінің қажеттілігін сыналап та болса енгізеді.

Әуек қатарынан шығып қалған бұралқылардың өз әуегіне қайтып баруы некен-саяқ болады. Көп жағдайда қабылдамайды. Өйткені ол бөрі болам деп саяқтанған жоқ па? Ал оның өзі шыққан әуегінде бөрте болатын шуландар жоқ қой. Болса ол анасы, болса қарындасы, болса апасы.

Алайда басқа әуектің өз қатарына қосып алуы әбден мүмкін. Өйткені әуекбасы одан өзін көреді. Өйткені бұралқы бөрілікке ұмтылған өжеттігі, ақылдысы ғой. Бұралқы басқа әуекке қабылданғанда ол жана міндет атқаратын болады. Ол қосы болады. Ол әуекбасының сүйеніші болады. Ол әуектегі үшінші қасқыр болады (әуекбасы – бөрі, бөрте, қосы).

Әуекбасы мерт болғанда оның орнын осы қосы басады. Қосы әуектегі бөртеге бөрі бола алады. Алайда көктен түскен пәрменіне орай бөртеңі бас тартуы әбден мүмкін. Ондай жағдайда бөртеңі әуектегі шуландар қатарынан тандайды. Ал бөрте мерт болғанда бөрі бөртеңі басқа әуектен іздейді.

Әуекті екі қасқыр (бөрі, бөрте) құрады деу де асылық. Әуекті үш қасқыр құрайды (бөрі, бөрте, бөлітік). Бөрте түрлі себептермен күшіктемейтін болса әуек тарайды.

Жалғасы бар.

## АҚПАРАТ АРНАСЫ

### Қазақстандық фильм халықаралық фестивальдің бас жүлдесіне ие болды

*«Tashkent Animation Forum» халықаралық анимациялық кинофестивалінің бас жүлдесіне қазақстандық режиссер Аниита Черныхтың «На птичьих правах» картинасы лайықты танылды, – деп хабарлайды «ҚазАқпарат» меншікті тілшісі Өзбекстан кинематография агенттігіне сілтеме жасап.*

«Форум қорытындысы бойынша гран-при Қазақстанның режиссері Аниита Черныхтың «На птичьих правах» картинасына берілді. Өзбекстандық Шокир Холиковтың «Девушка и облако» фильмі көркемдігі мен суреттеу тереңдігі аталымындағы сыйлыққа ие болды. «Үздік режиссура үшін» сыйлығына тәжікстандық Фарход Гаффорпурдың «Молчаливый диалог» фильмі лайық деп танылды», – делінген фестивальдің ұйымдастыру комитеті таратқан хабарламада. Сондай-ақ, жас қазылар сыйлығымен Қырғызстан және Түркия атынан қатысқан режиссер Жанна Абасованың «Author and the Nose» фильмі марапатталды. Ал, өзбекстандық Маликахон Зайнутдинованың «Дело семейное» деп аталатын еңбегі үздік минуттық фильм аталымына ие болды. Анимацияның дамуына қосқан үлесі үшін Әзербайжанның өкілі Эльчин Хаами Ахундовқа арнаулы сыйлық берілді. Халықаралық анимациялық кино фестивалі 18-22 сәуірде Ташкентте өтті. Оған Әзербайжан, Германия, Грузия, Израиль, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Украина, Өзбекстан мен Чехияның анимация саласындағы мамандары қатысты. Еске сала кетейік, бұған дейін жазғанымыздай, 2021 жылы елімізде кинофильмдер көрсету саласындағы қызмет көлемі 8,1 млрд теңгеге жетті.

## «СУИЦИД ЖАСАҒАН».

Бас прокуратура  
Заманбек НҰРҚАДІЛОВ  
ісін қайта қараудан бас тартты

*Оппозициялық саясаткер Заманбек Нұрқаділовтің ұлы Қайрат Нұрқаділов әкесінің өлімін қайта тексеруді сұрап, бас прокуратураға жазған өтінішіне жауап алған.*

Өткен жұма, 22 сәуірде келген жауапта бас прокуратура «істі қайта қарауға негіз жоқ» деп жазып, Заманбек Нұрқаділовтің өлімі «суицид» деген.

«Мен олар істі қайта қарайтын шығар деп ойлаған едім. Прокуратура жеті томдық істі архивтен алып, қарады. Істі қайта қарауға негіз іздеп жатқан болар деген үміт болды. Енді міне «ол суицид болған, әрі қарай қаралмайды» деген жауап келді. «Іс дұрыс жүргізілген» дейді. Мен мұнымен келіспеймін. Біріншіден, «адам өз-өзін үш рет атпайтынын түсінесіздер ғой» дедім. Екіншіден, мені сол кезде қорқытып, бұл «суицид» болады деп айтты ғой, дегеніме де қараған жоқ. Енді не істерімді, кімнен көмек сұрарымды білмеймін», – деді саясаткердің ұлы Қайрат Нұрқаділов Азаттыққа.

Қайрат Нұрқаділов наурыздың басында бас прокуратураға әкесінің өлімін қайта тергеуді сұрап, арыз жазған еді.

Прокуратурадан келген жауапта «сот және өзге де сараптама нәтижесі ол суицид жасады деген қорытындыға келген. Мұны психологиялық әрі психиатриялық сараптама да көрсеткен. Оның негізінде Заманбек Нұрқаділовтің көз жұмар алдында невротикалық депрессияда болғаны анықталғаны» жазылған.

Алматы қаласы мен Алматы облысының бұрынғы әкімі, бұрынғы төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік басшысы Заманбек Нұрқаділов 2005 жылғы 12 қараша кешкісін Алматыдағы үйінде жұмбақ жағдайда қаза тапқан. Ресми тергеу «Нұрқаділов өз-өзін екі рет келудің және бір рет басынан тәпаншамен атып қаза болған» деген қорытынды жасады. Бірақ оппозиция өкілдері «билікті сынаған қайраткер қастандық құрбаны болған» деп санайды.

Қайрат Нұрқаділов наурызда бас прокуратураға жазған арызында «Менің әкем – Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділовтің белгісіз біреулер 2005 жылы үйінің маңында атып кеткен. Әкемді өлтіріп кеткені анық болса да, өзіне қол жұмсау фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Оның жүрегіне екі рет, басына бір рет оқ атылғаны туралы бұлтартпас айғақтардың өзі оның өзіне қол жұмсағанын техникалық тұрғыда дәлелдейді» деген еді.

Қайрат Нұрқаділов арызында бұрын әкесінің өлімі бойынша қозғалған істе жәбірленуші болып танылғанымен, тергеу органдарынан моральдық қысым болғаны да айтқан.

2004 жылы наурызда сол кездегі Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатын сынап мемлекеттік қызметтен екінші рет кеткеннен кейін Заманбек Нұрқаділов елдегі оппозиция қатарына қосылып, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық комитет құратынын жариялаған. Сарапшылар 2000-жылдардың басында оппозицияда жүрген бірқатар тұлғалардың өлімінен кейін Қазақстан билікке қарсы пікірді жаншып, авторитаризмді күшейту жолына түсті деп санайды.

ҚазАқпарат», «Азаттық радиосы» сайтынан

# ҮШТІЛДІЛІК – ЖАҒАНДАНУ ЗАМАНЫНЫҢ ТАЛАБЫ

**«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген даналық сөзді арқашан көкейіңде сақтап жүремің. Меніңше, тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игерген абзал. Қазіргі айтылып жүрген үштұғырлы тіл – өмірдің қажеттілігі.**

Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді білмей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тану керек. Үштілділік – ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы.

Әлемде екінші ұстаз, ұлы ғұлама Әбу-насыр Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілі білсе, өр рухты дауыппаз ақын Махамбет пен қазақтың біртуар ұлы Шоқан да бірнеше тіл білсе керек. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген.

Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен кенже бо-

лып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге бермегендігі мыңдаған жыл тарихынан айқын.

Көп тіл білу – заман талабы. Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Иә, «үштілділік» саясатын қайта қарау қажет деген пікірлер жиі айтылып жүргені жасырын емес.

Десек те Елбасымыз: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» – деп қаирге салғанын тағы бір қайталап қойсақ артық болмас.

Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін білік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Бірақ Қазақ баласы әуелі отбасында қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Тіл ана тілде сайрап тұрғандықтан, ешкім оған балта да шаба алмаған.

Ойымды қорыта келе, Елбасының мына бір сөзімен аяқтағым келеді: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез-келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы – Ана тіліміз».

**Ботакөз ЖУНУСБЕКОВА,**  
**№3 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**



Енді ағылшын тілін оқытудағы, баланың ынтасын, серпілісін бүгінгі қоғамда анық байқалады. Оның бірі білікті ұстаздың сабақта қолданатын әдіс-тәсілінің шеберлігі десем, екіншіден электронды техниканы жетік білген оқушыны қызықтыра білу де ұстаз ікемділігінде жатыр. Мұндай сәтте, оқытушының озық педагогикалық әдіс-тәсілдері мен заманауи оқыту әдістері, оқыту технологияларының элементтері және онлайн семинарлардың көмегі зор болады. Сондықтан бүгінгі заманның ұрпақтарын ағылшын тіліне қызықтыру қажет. Кез-келген адам баласы асқақ армандайтыны сияқты, шет елдердің әдемі көріністерін, LED экрандар арқылы, саяхат сабақ жасау арқылы АҚШ, Англия сынды алпауыт елдердің көз тартарлық көріністерімен, ішкі және сыртқы саясатымен, ұлттық киімі мен халқының менталитетімен таныстыру арқылы оқушыларымыздың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыруға болады. Мысалға Канада елімен Қазақстан жерінің тұрмыс-тіршіліктерінің ұқсастықтарын сабақтастыра білу арқылы қызығушылықты оятуға болады. Гарвард, Оксфорд, Кембридж университетінің оқу грантын жеңіп алуға әрбір

білімді жас лайықты екенін түсіндіре отырып, шәкірттердің құлшынысын арттыруға болады. Одан кейінгі кезекте, нақты мақсат қойып, тілді меңгеру. Қаламыздағы Қазақмыс корпорациясының қолдауымен құрылған «USTAZ-ULYTAU» жобасының мақсаты қаламыздағы мектеп оқушыларының ағылшын тілін еркін жетік меңгерген оқушылар Оксфорд мұғалімдерінің сынағынан сүрінбей өтіп, Оксфорд қаласындағы тіл мектебінде білім алуға жолдама алулары үлкен жетістіктердің бірі деп есептейміз.

Қорыта айтсақ, үштұғырлы тіл саясаты – халық болып қолдайтын қоғамдағы қажетті жоба. Міне, бұл жобада Қазақстандықтар да осал еместігі жоғарыда дәлел бола алады. Ал, ағылшын тілін меңгерген шәкіртті дайындау – шын шебердің ғана еңбегінің нәтижесі болмақ. Бүгінгі қоғам мен үштілділік мәселесінде Тілдер мерекесінде және де апталықтарда атқарылып жатқан іс-шаралар нәтижесінің оң болғандығы дәлел.

**Гүлімай САПИЯНОВА,**  
**Жезқазған қаласы №1 ЖББМ КММ**  
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**



## ТҰҒЫРЛЫ ҮШТІЛДІЛІК

**Тіл адамзаттың асыл қазынасы. Бабадан мирас болып, өз бағасын жоғалтпай келе жатқан құнды дүние. Тілдің құдыреті алдаспан, көркемдігі шебер, тамыры тереңге жайылған мәңгілік мұра. Қай елдің болмасын өзі сүйіп қадір тұтар ана тілі бары анық. Заманға сай адамы десендей, қазіргі қарыштан дамып жатқан әрбір елдің өзіндік талап мақсаты айрықша айқындалған. Мағыналы ғұмырында мәңгілік із қалдырып кеткен ұлы ғұлама Фараби де, өр ақын Махамбет те, біртуар тума Шоқан да көптеген тілдерді меңгерген.**

Атағы айға жетпесе де, алпауыт дамыған елдің қатарына қосылу мақсатында осы бір «үш тұғырлы тіл» саясаты қолға алынып жатқаны белгілі. Ақпараттық технологияның озық үлгідегі дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, «білем, үйренем» дегенге мүмкіндік көп.

Осы орайда, Елбасымыз «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлттаралық

қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген сөзін тілге тиек еттім.

Көптілді меңгеру кемел келешекке қадам басумен бірдей. Қазіргі таңда үштұғырлы тіл саясатының дамуының дәлелі ел жастарының тіл білуге деген құштарлығының артуы. Ағылшын тіліне деген ұмтылыстары мен оқып, талдай білуі күннен күнге артауда. Бір тілді білген адам бір елдің тарихын да біледі. Тіл білген адам ел мен жерді аралап, өзінің ой-өрісін кеңейтеді. Тіл үйрену өлең жаттағандай оңай дүние емес, әріне. Әуелі тілге деген сүйіспен-

шілігінің болуы, мақсатқа жету жолындағы жігерлілік, қарсы шыққан қиындықтардан сүрінбей суырылып шығу ертеңгі жеңісінің бастамасы. Жастардың білім-ғылым жолындағы кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілікке не осы үштілділік. Өскелең ұрпақ үшін тілді білу тиімді. Болар баланың бетін қақпай белін бууда ұстаздың да алар орын ерекше. Ағылшын ағартушысы Уильям Уордтың «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет

мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген ойшыл сөзі ұстаздық қызметтің міндетін айшықтай түскендей. Кез-келген ұстаз сабақ беріп қана қоймай, тәрбиелей отырып, оқушының жан-жақты дамуына үлес қосып, заман ағымымен жүрсе, қателеспесі анық. Қоғам мен қоғамдық сана өзгерген сайын тіл білудің талабы да күшейе түспек.

Қорыта айтқанда қазіргі заман жастары білімді болып қана емес, керісінше, қоғамда орын алып жатқан жаңалықтар мен өзгерістерден хабардар болуы қажет. Жарқын болашақ жалынды жастардың қолында. Керуен көшінен кеш қалмай, шоқтығы биік жұлдыздай жарқырау ел ертеңгі жастардың міндеті болмақ.

**Фариза НУРЖАКУПОВА,**  
**№1 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**



### БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

## КІТАП – ӘЛЕМДЕГІ ҚҰПИЯЛЫ ҰЛЫ ҒАЖАЙЫПТАРДЫҢ БІРІ



**Кітап – адам баласы ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал, білім мен тәрбие көзі. Ол – адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. 23 сәуір – Халықаралық кітап және авторлық құқық күніне орай «Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ-нің кітапханаларды дамыту ісі және әдістемелік жұмыс бөлімінің ұйымдастыруымен С. Сейфуллин атындағы кітапханада «Кітап – әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі» атты кітаптар дефилесі кітапхана-филиалдарының атсалысуымен өткізілді.**

Медеу Сәрсекке «Дара дарын» шығармасынан ұлтымыздың кеменгер перзенті Қаныш Сәтбаевтың ғұмыр жолын №9 үлгілі кітапхана-филиалының оқырмандары Айдос Өтенов, Ермұхан Шәріпбаев айшықтады.

1922 жылдардағы ашаршылық салқатқа көп қасірет алып келген тарихты дүр сілкіндірген осы бір оқиға көптеген шығармаларға арқау болғаны сөзсіз. Бейімбет Майлиннің «Күлпаш» әңгімесіне биыл 100 жыл толуына орай С.Сейфуллин атындағы кітапхана оқырмандары Жезқазған қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары Айдана Айдын, Айым Қуаныш, Мансұр Сағадат, Мақпал Ерданбек Бейімбет Майлиннің «Күлпаш» атты шығармасын насихаттады.

Өмірге деген құштарлық, таза махаббат, азаматтық борыш, достық адамзат баласының ертеңіне сенімі, болашаққа бастайтын даңғыл жолды көрсететін Не-

мат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» деп аталатын хикаят-монологында ауыр науқасқа шалдығып, көп жылдар бойы төсек тартып жатқан мүгедек жанның өмірге деген шексіз құштарлығы, қайсарлығы, адамгершілігі, мөлдір махаббаты сөз болады. Науқас адамның сын сағаттағы сан қилы ой-толғаныстары бас қаһармандар Ержан мен Гауһардың монолоттарын М. Әуезов атындағы кітапхана-филиалының оқырмандары, Жезқазған саз колледжінің студенттері Думан Абиляев, Марғұлан Естекер, Аяжан Тұралы сомдады.

Қазақ ұлттық әдебиетінің «алтын қорының» төрінен өзіндік орнын ойып алар сүбелі шығармалар қатарында классик жазушы, көркем сөздің майталманы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» атты романынан №5 Кеңгір селолық үлгілі кітапхана-филиалы кітапхана оқырмандары Кәдікен Мағзұмов, Дәулет Асқар және кітапханашылар Назира

Смағұлова, Сәуле Аманжолова үзінді көрсетті.

2022 жылы «Балалар жылы» деп жарияланды. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпұлттық міндетіміз», – деп Президентіміз атап өткендей №2 үлгілі кітапхана-филиалы Бердібек Соқпақбаев жас оқырмандық бойындағы жігерді жанып, күш бітіретіндей шығармасы «Жекпе-жек» атты повесінен кітапхана оқырмандары музыкалық колледжінің студенті Ұлан Сабыр, №11 жалпы орта білім беретін мектептің оқушылары Жанель Өтегілеу, Батырхан Қонысбай, кітапхана меңгерушісі Ақнұр Сабырқызы үзінді көрсетті.

Рухани тарихын, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын тануда кітаптың берер көмегі ұшан теңіз. Ұстаздардың ұстазы Ыбырай Алтынсарин атамыз: «Оқысаңыз балалар, шамнан шырақ жағылар» деп алдағыны көрсендікпен болжаған. Мұндағы «шам» тұңғыш терең білім, ғылым болса керек. Осынау білім деген шамның жарқырай түсуі үшін кітаптың, сол кітаптың жинақталар жері – кітапхананың қанда да тұғыры биік болуы тиіс.

**Гүлназира СҮЙІНДІКОВА,**  
**«Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ кітапханаларды дамыту ісі және әдістемелік жұмыс бөлімінің әдіскері.**

## ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

**Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық тіл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар қанықтырылды. Бесікте жатқан сәттен-ақ бойымызға ана сүтімен бірге дарыған мемлекеттік тіліміз – біздің бар байлығымыз.**

Қазақ тілінің тарихы өте тереңде екені бесенеден белгілі. Ұлт болып қалыптасып, етек-жеңімізді жиғалы биыл отыз жылдан астам уақыт өтіп отыр. Осыншама жылдар ішінде Қазақстан даму үстінде болып, өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Тәуелсіздік деген асыл ұғымның мәнін жете түсіндіретін де осы бір «ана тілі» деген бір-ақ сөз емес пе? Тарих сан құбылып, қаншама жылдар бодандан болған халқымыз көптеген зұлмат жылдарды басынан өткізіп, сан ғасырлық тарихы бар асыл тілімізді бүгінге дейін аман сақтап қалды. Ұлтымыздың ұлы құндылығының басты қуаты, мемлекетіміздің басты болашағы да қазақ халқының ұлттық тілі, қасиетті де қастерлі-қазақ тілі.

Бүгінде қазақ тілінің мәртебесі төмендеп бара жатқанын жанымызға бағатыны рас. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ана тілінің мәртебесін арттыруға өз Жолдауларында ерек мән береді. «Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Парламентте немесе баспасөз мәслихаттарында мемлекеттік тілде сөйлеп, пікір алмаса алмайтын мемлекеттік қызметкер ұғымы,

ең алдымен, қазақ азаматтарының арасында – анахронизмге айналуға тиіс» – деді Мемлекет басшысы. Шынымен-ақ қоғамда дәл осы жағдай бас көтерер болса, естір құлақ пен тыңдар азаматтардың да жоқ емесі рас қой? Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады. Олай болса қазақ тілі – еліміздің ертеңі мен болашағының бұзылмас қазығы.

Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбір ілімнің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыншынша қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Еліміздің егемендігі мен бақытының жолында басты орынды алатын – ол ұлттық тіліміз.

**Балкүміс ХАЙРОЛЛИНОВА,**  
**«Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.**

# Ойнақтап жүрiн от басқан бота



Мүмкін емес, мүмкін емес...

Тағы да ұйқысынан тұншығып оялды. Денесін тер басып кетіпті. Құлағынан шырылдаған нәрсенің дауысы кетер емес. Көз алдына кішкентай нәрселер мен шешесі елестеп өтті. Тура түсіндейді бір бөлменің есігін ашып қараса, ішінде толған сабилер екен дейді. Олардың ортасында шешесі отыр. Қолында бұдан айнымайтын бір баласы бар. Есікті ашқан мұны көріп қалып:

– Жанымау-ау, бері таян. Бұл сенің балаң ғой. Неге таянбайсың? – деп дауыстайды.

– Жоқ, мама. Менің балам өлген, – десе, анасы:

– Жоқ, құлыным. Оны сен өлтіргенімен, ол тірі. Сенбесең, міне, қарашы, сенен айнымайды, – деп қолындағы баланы көрсетпекке бұған жақындап келеді.

– Мүмкін емес, – деп айқайлап, есікті тарс еткізгенде ұйқысынан шошып оялды.

– Бісіміллә, бісіміллә! Жынданғаннан сауым ба өзі. Күннен-күнге маған не боп барады? Неге мазалай бересің, жаным-ау?

Неге ойымнан кетпейсің? Кешіріші, әдейі істеген жоқпын ғой, ботам-ау! Бұлай боларын білмедім! – деген ол басын жастыққа салып, көз жасына не бола алмай ағыл-тегіл жылады.

Өткен күннің ауыр елестері жүрегін жаралап, өзегін өртеп барады. Күні кеше ғана ойнақтап жүрген бота осындай жағдайға тап боларын қайдан білсін?! Бірақ, тағдырдың жазғанына шара бар ма? Мүмкін, өзі де кінәлі шығар. Үйінің жар дегенде жалғыз баласы еді. Ата-анасы бетінен қақпай аялап өсірді. Құлпырып өсіп келе жатқан, алдында зор үміті бар бойжеткен қыздың өмірі шешесінің өлімінен кейін күрт өзгерді.

Ол кезде Айжан он алты-ақ жаста еді. Алдында көп арман-мақсаттары да болатын. Есейгенде дәрігер болуды армандаушы еді. Анасы ауруханадан оралмай, мәңгіге қош айтысқасын ба көзқарасы күрт өзгеріп, дәрігер атаулыны жек көріп кетті. Әкесі қызына жетімдіктің тауқыметін барынша білдірмеуге тырысты. Бірақ, Айжан өз дегенін істеп, әке аққлын тындамады. Бұрын

отырыс, кештерді жек көретін ол бәрінен қалмайтын болды. Тіпті, екі-үш күн үйіне қонбайтынды шығарды. Ақылмен айтқанды түсінбегесін Айжанды бірде әкесі қатты сабады.

Шешем болса, бүйтіп ұрмас ең, қорғайтын анам жоқ. Көзіне күйік боп жүрсем кетейін осы үйден. Енді мені мәңгі көрмейсің, – деп үйінен біржола кетіп қалды.

Жанашыр достары қанша айтса да, Айжан оларды тындамай, ақыл айтқандарды жауындай көріп, ортасын өзгертті. Ақыр аяғы...

Сүйіп қосыламын деп жүрген жігіті аяғы ауыр екенін естіп, тастап кете барды. Бүгін емханада жатқанына бір апта болады. Іштегі шарананың болашағын ойлап, алдырып тастады. Ертең шығады. Бірақ, қайда барады? Күні кеше осылай боларын қайдан білді? Ойнақтап жүріп «от басқанына» өкінеді. Өз-өзін кінәлайды.

Бірақ, кеш еді....

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ.

## «ӨНЕГЕЛІ ӨМІР» ЖОБАСЫ – ЖАСТАРҒА БАҒДАРЛЫ БАҒЫТ

Мектебімізде облыстық «Өнегелі өмір» жобасы аясында оқушылармен өмірде әр түрлі қызмет жолында жетістік пен табысқа жеткен жергілікті тұлғалармен кездесулер ұйымдастырылып келеді.

Кездесуге туған жерінің дамуына үлес қосқан зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, педагогикалық еңбек ардагерлері, ақындар, жазушылар, дәрігерлер, өнер қайраткерлері, кәсіпкерлер шақырылады.

Жобаның мақсаты да өз жеріне зор үлес қосқан азаматтардың табысқа жету тарихына мән беру арқылы ұлтымыздың алтын қорына еруге лайықты жандарды көпшілікке таныту, іс-тәжірибесімен, бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру болып отыр. Яғни, оқушыларға болашақта мамандық таңдауда қиындық тумайтындай оларды өмірге дайындау, қоғамда, өмірде өз орындарын таба білуге баулу және кәсіби бағдарлау. Осындай кездесу «Өмір, мен сені сүйіп өтем» тақырыбында 8 «А» сыныбымен Жезқазған бизнес және көлік колледжінің директоры, Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ақын Светлана Серікбай-

қызы Жумкинамен болып өтті. Кездесу барысында оқушылар кейіпкермен емен жарқын әңгімелесіп, көкейде жүрген сұрақтарын қойып, ашық диалог алаңын құра білді. Ақын Светлана Серікбайқызы табысқа жетудің кілті – білім мен адал еңбек екенін айта келіп, өмір сатыларының қызықты сәттеріне тоқталды. Кездесу соңы ақынның жырларын оқушылармен бірге жатқа мәнерлеп оқумен жалғасты. Шәкірттерге әрқашан туған жерін дамытуға үлес қосуға лайықты азамат бола білу – әр адамның парызы деп кешті қорытындылады.

Торғын ТҮСІПОВА,  
№ 1 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

### ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Жұмабек Табынбайұлы Мыржақыптың атына 21.06.2000 жылы берілген (№0148343, КТД-II) диплом, 2-разрядты газбен дәнекерлеуші, 3-разрядты электр дәнекерлеуші (№0028990) куәлігі жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады.**

# ЖИНАД ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

«Жиһад» сөзі араб тілінде белгілі бір мақсатқа жету үшін бар күш-қайратыңды төгу, сол үшін күресу, тырысу деген сияқты мағынаны білдіреді екен. Бұл сөздің аясында көптеген түсінік бар. Оны біржақты түсінуге болмайды. Құранда «харб», «қитал» деген соғысты білдіретін термин бар, бірақ «жиһад» сөзі де соғысты қамтиды, сонымен көпшілік оны соғысу деп түсінеді.

«Жиһад» – адамның Алла Тағаланы тануына кедергі келтіретін барлық тосқауылдарды жою. Алла разылығы үшін жасалатын әрбір іс-қарекет «жиһад» болып саналады. Өзіңнің ішкі дүниесіңді, жүрегіңді тазарт. «Жиһад» деген ең әуелі өзінді түзету. Өз басын түзете алмаған адам, өзгені қалай түзетіп тура жолға шақырмақ. Пайғамбарымыз бір хадисінде; «Нағыз жиһад жасаушы кісі нәпсісімен күресуші» – деп көрсетеді.

«Жиһад» ұғымы адамға, қоғамға байланысты түрленіп отырады. Мысалы; менің әйелім марқұм мамандығын жоғары деңгейге көтеру үшін тынбай ізденетін. Оның балаға сауатты түрде білім беруі – мұның бәрі жиһадқа жатады. Сосын нашар отбасына, жетім балаларға көмек кездері есте. Бір хадисте; «Жетімдер мен мекіндер үшін жұмыс істеуші кісі Алла жолында жиһад жасаушы адамға тең» – дейді пайғамбарымыз. Жиһад мәжбүр жағдайда қарумен де болады. Кешегі Ұлы Отан соғысы солай басталған жоқ па, соғыспау туралы шартқа сеніп ол нәтиже бермей үміт үзілді. Қолға қару алып Отанды қорғау үшін жиһад соғысына шықты халық. Мен ертеректе бір кино көрдім, сонда есімде қалғаны түріктер; «Біз Алланың қылышымыз» – деп бөсіп жатыр. Армяндарды қырып-жойып, қанғытып жібергені өз алдына. Ал шешендер ше; «Біздікі жиһад соғысы», – деп жап-жас орыс солдаттарын қойша бауыздамай ма! Исламда қарулы соғыс мынадай жағдайда рұқсат етілген;

1. Қорғану мақсатында,  
2. Өзіңе шабуыл жасалатыны анық болып тұрған жағдайда, бірінші болып шабуыл жасау,  
3. Жазалау мақсатында,  
4. Түрлі зұлымдықтарға жол бермеу мақсатында. Исламның негізгі ұстанымы – бейбітшілік. Мен, Ниса сүресінің аяттарын келтіріп отырмын. Онда: **«Егер олар сендерге тиіспей тізе бүкпесе, не өздері келісім ұсынса, онда Алла тағала сендерге оларға қарсы шабуыл жасауға әмір етпейді дейді. (90-аят). Иман келтірген болып сендерді де сендіруді, әрі өз елдерін де сендіруді қалаған топ болады. Олар бүлік шығаруға, бұзақылық жасауға дайын тұрады. Олар сендерден тайынбаса, келісім ұсынбаса қайдан тапсаңдар да ұстан құртыңдар. Сендерге оларға қарсы ашық дәлел бар деп біліңдер»** делінген (91-аят).

Пайғамбарымыз соғысқа кетіп бара жатқан қолбасшыларына былай деп ескерткен екен: «Алланың атымен жолға шығындар. Алла жолында күресіндер. Соғысатын адамдарыңмен араларыңда келісім болса, оны қадағаландар. Шектен шықпаңдар соғыс кезінде өлтірген адамдарға «мүселе» (өлі денені қорлау) жасамаңдар. Балаларды, әйелдерді, қарт кісілерді, ғибадатханадағы адамдарды өлтірмеңдер».

Пайғамбарымыз (с.а.у.) тіпті өзімен соғысып жатқандарды қарғауы былай тұрсын оларға «Алла Тағалам, олар білмейді, Сен оларды кешіре гөр» – деген игі тілекте болған.

Әлемде болып жатқан террорлық әрекеттермен Исламның ешқандай байланысы жоқ. Ислам сөзі «бейбітшілік», «амандық, есендік» деген мағынаға ие.

Жоғарыда айтылғандай соғыс дегеніміз – бейбіт шешу жолы таусылған да баратын соңғы жол.

Ислам діні – жер бетіне бейбітшілік

пен тыныштықты орнату үшін жіберілген соңғы дін десек те, қазіргі таңда болып жатқан жарылыс, лаңкестік әрекеттерді ислам дініне жабу кең етек алып барады. Бейкүнә адамдардың жанын қиған лаңкестік әрекеттер Исламға, мұсылманшылыққа жата ма? Адам өлтіру түгілі малды қорқытудың өзі Исламға теріс екен. Пайғамбарымыз (с.а.у.) сойылатын малдың көзіңше пышағын қайраған бір сахабасына қатты ренжітті. Сонда ол «Сен малды неше мәрте өлтірмексің? Пышағыңды малды жатқызбас бұрын қайрамадың ба?» – деген екен.

Беліне бомба байлап, өзгелердің жанын қию үшін өзіне-өзі қол жұмсаған жанкештілер өздерін «шейітіз» дейді. Бейкүнә жандарды өлтіріп ол қалай шейіт болады?!


Түрлі-түрлі лаңкестіктерді ислам дініне жауып, оны «террористік дін» деп көрсету бұрын-соңды болмаған ауыр қиянат. Соңғы кездері адамдардың түрлі ағымдарға кіріп кетуі, соған пырмалып адасуы көбіне сауатсыздық пен кедейшіліктің әсерінен десіп жатыр. Бұл шындыққа келеді. Мұсылмандар үшін ең қатерлі дұшпан – сауатсыздықтың, білім деңгейінің төмендігі. Абай атамыз айтқандай; «Көп айтса көнді, жұрт айтса болды» – болып жүргеніміз.

Сондықтан жастарымыз қазіргі өмір талабына сай рухани біліммен нәрленіп, ұлттық құндылықтармен тәрбиеленуі керек. Озық ғылыммен сусындаған еңсесі биік ұрпақ жетілдіру – қазіргі мұсылмандар үшін кезек күттірмейтін ең үлкен Жиһад екені даусыз.

Жәми ТҮРСЫНБАЕВ,  
зейнеткер.

## СӨЗЖҰМБАҚ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.



КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

5.Ту емес, билік пен лауазым белгісі. 6.Шикылдайтын құс. 10.Қағба шығысындағы тау. 11.Қиян-қияметі көп терен жер. 12.Қауіп-қатер, зіл-зала. 13.Аюдың еркегі. 17.Насыбай ыдысы. 19.Бөртеңнің руы. 20.Мотор бөлігі. 21.Қыл тулы халық. 25.Баян-Сұлуудың әкесі. 26.Айыр тілді ұлы жәндік. 27.Бір жасты күшіктер. 30.Өзеннің жиегі. 32.Автобус тоқтайтын жер. 33.Шағын су жолы. 34.Тез еритін ақ металл. 35.Ертоқым бөлігі.

ТІГІНЕН:

1.Жеті ата тармағы. 2.Татуластыру әдісі. 3.Гитлердің әйелі. 4.Арғы ата, атаның атасы, түп ата. 7.Шаңқылдайтын құс. 8.Суық қару. 9.Дамаскнің бұрынғы аты. 14.Крахмалды ыдырататын фермент. 15.Сол қолмен жазатын адам. 16.Көп жасайтын ағаш. 18.Әуе флоты. 22.Өзеннің жайылған тұсы. 23.Той басқарушысы. 24.Тері ауруы. 28. Аяқ «саусағы». 29.Қысқа шалбар. 31.Адамды аздыратын «су». 32.Жеміс ағашы.

ГАЗЕТТІҢ № 15 (8278) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ:

КӨЛДЕНЕҢІНЕН: 1.Тамшы. 3.Клеть. 11.Бұлқышпақ. 13.Монша. 14.Арман. 15.Акробат. 16.Өрік. 18.Карт. 19.Қаршыға. 20.Аполлон. 22.Тире. 25.Егор. 27.Қосалқа. 31.Права. 32.Арзан. 33.Қалдаяқов. 34.Тонна. 35.Ишара.

ТІГІНЕН: 2.Шұбат. 4.Лақап. 5.Темза. 6.Клюшка. 7.Сымторы. 8.Ошаған. 9.Панда. 10.Интернационал. 12.Эмпириомонизм. 17.Кашне. 18.Күлше. 21.Аманбай. 23.Роккал. 24.Ақшоқы. 26.Қапот. 28.Көнек. 29.Бақан. 30.Лаваш.

## ДҮЙСЕНБІ 2 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Көңіл толқыны». 7:05 «Másele». 7:35 «Астана күзі ызғарлы». 9:05 «Түркістан – достық мекені». Мерекелік жоба. 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Достығымыз жарасқан». Концерт. 13:50 «Тарзан». М/ф. 15:15 Д/ф. (Бірлігіміз жарасқан). 16:00 «Арта». 16:50 «Әнім сен едің...». Ш. Қалдақовтың әндері. 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 «МузАрт» ансамблінің концерті. 22:25 «Жат мекен». 23:20 «Көңіл толқыны». 0:20 Д/ф. (Бірлігіміз жарасқан). 1:05 «Másele». 1:45 «Би мен болмыс». 2:20 «Жәдігер».

## СЕЙСЕНБІ 3 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Көңіл толқыны». 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Тұлға». Д/ф. 15:45 «Ауылдастар». 16:15 «Қара таңба». 17:05 Ақпарат. 17:20 «Қызық екен...». 18:05 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:40 «Ashyq алаң». 21:35 «Қара таңба». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «1001 түн». 0:25 Ақпарат. 1:00 «Ashyq алаң». 1:50 «Теледәрігер». 2:50 «Жәдігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. «Брат или Брак». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Всегда верен». 12:00

## СӘРСЕНБІ 4 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Бір халық – бір ел – бір тағдыр». 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Қара таңба». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq алаң». 21:30 «Қара таңба». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». 0:25 Ақпарат. 1:00 «Ashyq алаң». 1:50 «Теледәрігер». 2:50 «Жәдігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. «Брат или брак 2». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Неистовый». 12:00 «Алпыстан асып барамын». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда».

## БЕЙСЕНБІ 5 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Тұлға». 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Қара таңба». 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq алаң». 21:30 «Қара таңба». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». 0:25 «Көңіл толқыны». 0:40 Футбол. УЕФА Еуропа лигасы. «Айнтрахт» (Германия) – «Вест хэм» (Англия). 2:45 Ақпарат.

## ХАБАР

5:00 Кино. «Туча». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Ночь в осаде». 12:00 «Алпыстан асып барамын».

## ЖҰМА 6 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Жақсылық Үшкөмпіров. Соңғы сұхбат». 15:30 «Ауылдастар». 16:05 «Қара таңба». 17:00 Ақпарат. 17:15 «Жана Қазақстан». 17:40 «Киелі Qazaqstan». Д/ф. 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq алаң». 21:30 «Көңіл толқыны». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «Көңілашар». 0:00 «Parasat maidany». 0:35 Ақпарат. 1:10 «Ashyq алаң». 2:00 «Теледәрігер». 3:05 «Жәдігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. «Ва-банк». 7:00 «Таңғы хабар».

## СЕНБІ 7 МАМЫР

## QAZAQSTAN

## ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 7:00 «Зинһар». 7:45 «Дәуір даналары». Д/ф. 8:30 «Қазақ әскері». Арнайы жоба. 8:55 «Айбынды армияға арнау». Мерекелік концерт. 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:50 «Қазақтар жигіттері». Концерт. 15:20 «Геркулес». М/ф. 16:55 «Айбынды армияға арнау». Мерекелік концерт. 17:35 Д/ф. (Қазақстан Қарулы күштеріне 30 жыл). 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:20 «Másele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:40 «Жат мекен». 23:40 «Әзіл әлемі». 0:40 Ақпарат. 1:00 «Қазақ әскері». Арнайы жоба. 1:25 «Дәуір даналары». Д/ф. 2:10 «Másele». 2:50 «Жәдігер».

## ЖЕКСЕНБІ 8 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 6:45 «Күміс көмей». 7:25 «Тайруу». 8:00 «Ақсауыт». 8:20 «Көңіл толқыны». 8:50 «Ұлы дала ұлағаты». Д/ф. 9:15 «Қанатты барыс туралы аңыз». М/ф. 10:00 «Гүлдер құпиясы». 11:50 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:40 «Геркулес». М/ф. 15:15 «Қазбат». К/ф. 17:25 «Күйі-керуен». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 «Арта». 20:50 «Тұлға». Д/ф. 21:20 «Жігіттер» тобының концерті. 22:20 «Жат мекен». 23:20 «Мәңшүк туралы дастан». К/ф. 0:35 «Арта». 1:25 «Ақиқат пен аңыз». Концерт-спектакль. 2:45 «Ұлы дала ұлағаты». Д/ф. 3:15 «Ақсауыт».

## ХАБАР

5:00 Мегахит. «Принц». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Кино. «5 причин не влюбиться в казаха». 12:00 «Өмір жолы». Күләш Байсейітова. 12:30 «Алпыстан асып барамын». 13:00 «Бөлендер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. «Брат или Брак». 18:00 Мегахит. «Всегда верен». 20:00 Концерт. 21:35 «Ана жүрегі». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда». 0:00 Әсем әуен.

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Ене». 02:10 «Ұлым». 02:50 «Айтарым бар». 03:35 «Astana

times». 04:30 «Келіндер».

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Ене». 02:10 «Ұлым». 02:50 «Айтарым бар». 03:35 «Astana

times». 04:30 «Келіндер».

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Ене». 02:10 «Ұлым». 02:50 «Айтарым бар». 03:35 «Astana times». 04:30 «Келіндер».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние».

барамын». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. «Ва-банк». 18:00 Мегахит. «Напролом». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Күләш». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда». 0:00 «Сырты бүгін».

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Ене». 02:10 «Ұлым». 02:50 «Айтарым бар». 03:35 «Astana times». 04:30 «Келіндер».

10:00 Мегахит. «Напролом». 12:00 «Алпыстан асып барамын». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. «Семьянин». 18:00 Мегахит. «День курка». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Күләш». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда». 0:00 «Сырты бүгін».

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғысхан». 15:30 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Бизнес по-казахски в Америке» Х/ф. 01:25 «Астана кеші көңілі». 02:10 «Ұлым». 02:50 «Айтарым бар». 03:35 «Astana times». 04:30 «Келіндер».

## ХАБАР

5:00 Кино. «Семьянин». 7:00 «Көршілер». 8:45 «Өзін-өзі тану». 9:00 «Ұлы дала әскері – Тауелсіздік тірегі» концерті. 10:00 «Тайны. Судьбы. Имена». Бауыржан Момышұлы. 10:45 «Бауыржан Момышұлы». 12:45 «Дала қырандары». 15:15 «Тағат Бигельдинов» д/ф. 16:00 Кино. «Композитор». 18:00 Мерекелік концерт. 19:15 «Маска» 2 маусым. 21:00 «7 күн». 22:00 «Тауелсіз елдің қалқаны» концерті. 23:30 Тарих. Тағдыр. Тұлға. Сағадат Нұрмағамбетов.

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Қазбат» Сернал. 16:50 «Шымкент шоу». 20:00 «Астана кеші көңілі». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым».

23:40 «Томирис» х/ф. 02:10 «Жас қарындар».

## КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:20 «Судлағы із». 08:00 «Көңілді отбасы». 08:55 «КТКweb». 09:20 Новости. 10:00 «Смеяться разрешается». 11:30 «Таксистка». 15:20 «Кек», к/ф. 17:00 «Өнерде 40 жыл», Макпал Жүнісованың ән кеші. 20:00 «Ақ мама», реали-шоу. 21:00 «Большие новости». 22:00 «Задания особой важности. операция «Тайфун». 01:20 «Самый лучший муж». 02:50 «Кек». 04:00-04:20 «Мерекелік концерт».

## АСТАНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серт пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00 «Дылды». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Обычная женщина». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Дылды».

07:05 «Мерекелік концерт». 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:30 «Ozat отбасы», ток-шоу. 10:40 «Морские дьяволы. Особое задание». 12:30 «Испытание-2». 14:20 «Самый лучший муж». 15:20 «Жемчуга». 17:30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Испытание-2». 23:30 «Морские дьяволы. Особое задание». 01:20 «Жемчуга». 02:10 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03:40-04:10 Кешкі жаңалықтар.

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серт пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00 «Дылды». 10:00 «Женский доктор».

21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Келинка Сабина». 02:50 «Бауыржан Fest».

## КТК

07:05 «Махаббат әлемі». 09:00 «Оморина». 10:20 «Я пышка». 12:00 «Несладкая месть». 16:20 «Референт». 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 «Испытание-2». 22:40 «Морские дьяволы. Особое задание». 00:40 «Референт». 03:40-04:30 «Мерекелік концерт».

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серт пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00 «Дылды». 10:00 «Женский доктор». 11:00 «Обычная женщина». 13:15 «Зын-зын Күл-

пәш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Дылды». 17:30 «Женский доктор». 19:30 «Обычная женщина». 21:30 «Өмір». 22:30 «Қадам». 23:20 Азия-Вауа топтарының «Опмай-опмай» концерті. 01:10 «Гадалка». 02:20 Оян, Qazaqstan Music. 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 Таңғы жаттығу. 08:05 Док/фильм. 09:00 «Ән шашу». 09:30 Мультфильм. 10:00 Д/ф «Ұлы жазушылар». 11:10 «Балалық шақтың керемек дәмі» К/ф. 12:30 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 13:00 «Алаштың Ахметі». 13:20 «Ән шашу». 13:40 «Астана көктем кеш келеді» К/ф. 16:00 «Еске алу». 16:15 Мультфильм. 16:25

12:00 «Обычная женщина». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зын-зын Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Дылды». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Обычная женщина». 21:30 «Өмір». 22:30 «Қадам». 23:20 «Ата-ана. Бала-шаға». 00:20 «Гадалка». 01:30 «Aibat». 02:10 «Студия 7». 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Весёлая разминка». 08:05 Док/фильм. 09:00 «Ән шашу». 09:30 Т/х «Банкер». 10:05 Мультфильм. 10:35 Фильм «Невеста для брата». 11:55 Т/х «Асыл арман». 13:00 «Ұлытаудың ұлы» Қуандық Рахымның ән кеші. 13:55 «Ақыртас» Д/ф. 14:20 Мультфильм. 14:35. емнадиать мгновений весны» 1-серия. 16:00 «Еске алу».

«Студия 7». 19:30 «Обычная женщина». 21:30 «Өмір». 22:30 «Қадам». 23:20 «Ата-ана. Бала-шаға». 00:20 «Гадалка». 01:30 «Aibat». 02:10 «Студия 7». 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08:30 «Таңғы жаттығу». 08:35 Док/фильм. 09:30 Т/х «Банкер». 10:00 Д/ф «Сығанақ». 10:30 «Телебалапан». 10:45 Мультфильм. 11:00 Д/ф «Өркенет тарихы. Сельчук түріктерінің тарихы». 11:55 Т/х «Асыл арман». 13:00 «Бүгін». 13:30 «Серпін». 13:45 «Ән шашу». 14:05 «Алаш Орда» Д/ф. 14:35 «Семнадиать мгновений весны» 2-серия. 16:00 «Еске алу». 16:15 Мультфильм. 16:25 Т/х «Банкер». 17:00 Т/х «Асыл арман». 18:00 «Бүгін». Сурдоуларма. 18:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Куба. 18:35 «Еске алу». 18:50 Д/ф «Голливудтың

ка». 16:20 «Дылды». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Обычная женщина». 21:30 «Өмір». 22:30 «Қадам». 23:20 «Ата-ана. Бала-шаға». 00:20 «Гадалка». 01:30 «Aibat». 02:10 «Студия 7». 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08:30 «Весёлая разминка». 08:35 Док/фильм. 09:30 Т/х «Банкер». 10:00 «Бүгін». Сурдоуларма. 10:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Куба. 10:30 «Телебалапан». 10:45 Мультфильм. 11:05 «Ән шашу». 11:25 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 11:55 Т/х «Асыл арман». 13:00 «Бүгін». 13:30 «Серпін». 14:05 «Білім бәйтерегі». 14:25 Мультфильм. 14:35 «Семнадиать мгновений весны» 3-серия. 16:00 «Еске алу». 16:30 Т/х «Банкер». 17:00 Т/х «Асыл арман». 18:00 «Бүгін». Сурдоуларма. 18:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Грузия. 18:35 «Еске алу». 19:05 Мультфильм.

17:30 «Женский доктор». 18:30 «Aibat». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/ф «Личный интерес». 21:30 «Өмір». 22:30 «Қадам». 23:20 «Ата-ана. Бала-шаға». 00:20 «Гадалка». 01:30 «Aibat». 02:10 «Студия 7». 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 04:30 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08:30 «Таңғы жаттығу». 08:35 Док/фильм. 09:30 Т/х «Банкер». 10:00 «Бүгін». Сурдоуларма. 10:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Ресей. 10:30 «Телебалапан». 10:45 Мультфильм. 11:05 Д/ф «Темір нарком Темірбек». 11:55 Т/х «Асыл арман». 13:00 «Бүгін». 13:30 «Брифинг». 14:10 «Берен болат құпиялары» Д/ф. 14:35 «Семнадиать мгновений весны» 4-серия. 16:00 «Еске алу». 16:30 Т/х «Банкер». 17:00 Т/х «Асыл арман». 18:00 «Бүгін». Сурдоуларма. 18:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Грузия. 18:35 «Еске алу». 19:05 Мультфильм.

ның шоу-концерті. 17:10 «Зын-зын Күлпәш». 18:30 «Өмір». 21:00 Шоу «Маска». 23:45 Х/ф «Ангрейд». 01:40 «Зын-зын Күлпәш». 03:10 Jaidarman. 04:10 «Q-елі». 05:10 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08:30 Док/фильм. 09:30 Т/х «Банкер». 10:00 «Бүгін». Сурдоуларма. 10:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар». Грузия. 10:30 «Телебалапан». 10:45 Мультфильм. 11:00 «Ән шашу». 11:25 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 11:55 Т/х «Асыл арман». 13:00 «Бүгін». 13:30 «Біздің қала». 14:00 «Оперативная сводка». 14:15 Мультфильм. 14:35 «Семнадиать мгновений весны» 5-серия. 16:00 «Еске алу». 16:15 Мультфильм. 16:25 Т/х «Банкер». 16:55 Т/х «Асыл арман». 18:00 «Бүгін». Сурдоуларма. 18:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Азербайджан. 18:35 «Еске алу». 18:50 Мультфильм.

## ДИДАР

08:00 «Бүгін». 08:30 «Таңғы жаттығу». 08:35 Док/фильм. 09:30 Т/х «Банкер». 10:00 «Бүгін». Сурдоуларма. 10:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Азербайджан. 10:30 «Ән шашу». 11:00 Мультфильм. 11:15 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 11:45 Т/х «Асыл арман». 12:50 «Жас time». 13:05 «Ел басына күн туса» К/ф. 14:40 «Семнадиать мгновений весны» 6-серия. 16:00 «Еске алу». 16:15 Т/х «Асыл арман». 17:25 Д/ф «Ұлы жазушылар». 18:35 «Еске алу». 18:50 Мультфильм. 19:15 Д/ф

## ДИДАР

# ҒАЛПТЫҚ МЕРЕКЕЛЕР

## САБАНТОЙ – ТОҚШЫЛЫҚ ТОЙЫ

Еңбек пен достық мерекесі аталып кеткен «сабантой» татар тілінен аударғанда «Жер өңдеу мерекесі» деген ұғымды білдіреді. Бұл – туысқан татар-башқұрт халқының ежелден келе жатқан ұлық мерекесі.



Сабантойды кең тойласаң, бидай бітік шығады деген наным бар. Табиғат аясында жиналған жұртшылық күзде жиын-терім мол болсын деген тілектерін жеткізеді. Заман ағымына қарай өзгеріске ұшырап, дамытылып, заманауи реңкке ие болған мереке бүгінде ЮНЕСКО-ның мәдени мұра жауһарлары тізіміне енген. Жалпы, сабантой мерекесін татар, башқұрт, ішінара қазақтар да тойлайды. Бұл мереке 1990 жылдан бастап Татарстан Республикасында мемлекеттік деңгейде аталып өтеді екен.

## КӘРІСТЕРДІҢ КӨРНЕКІ МЕРЕКЕСІ

Қазақстандағы кәріс ұлтының өкілдері өздерінің ұлттық мерекесі – Чусокты кең көлемде атап өтеді. Бұл – кәрістер үшін шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жылды тойлаудан кейінгі маңыздылығы жағынан екінші мейрам.



Айтулы күнді орақ мерекесі санайтын кәрістер осы күні өздерінің бақилық болған ата-аналарын еске алады. Бейіт маңын тазартып, еске алу үстелін жасап, қабір басына егін орағының ең үздік сыйларын қояды. Еске алу шаралары өткеннен кейін, мереке отбасы ортасында жалғасын табады. Шара барысында кәрістер ұлттық өнерлерін көрсетіп, ұлттық ойындарын ойнап, көпшілікке ұлттық тағамдарын ұсынады.

### ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті әріптесіміз  
Марат Жанболатұлы  
МҰХАНОВ!



50 жас мерейтойыңыз құтты болсын! Денсаулығыңыз мықты болсын! Еңбегіңіздің жемісін көріп, жанұяңызбен бақытты да баянды ғұмыр кешуіңізге шын жүректен тілектеспіз!

Ізгі тілекпен:  
Жомарт кеніші 1, 2-вент  
ствол ұжымы атынан:  
Айдос, Ерлан, Дана,  
Ұлбосын, Жанна, Бекзат,  
Ерлан.



## ОКТОБЕРФЕСТ

Октоберфест – бүкіл әлемге таралған неміс дәстүрі. Түпнұсқасы жыл сайын Мюнхенде өтеді. Қыркүйек айының соңында басталып, қазан айының бірінші аптасына дейін созылады.

Іс-шара негізінен «Октоберфест сырасын» ішуден тұрады. Дәстүрлі неміс сырасы ұсынылады және карнавал ойындары мен ойын-сауық саябағында серуендеу сияқты миллиондаған қонақтарды қызықтыратын көптеген аттракциондар өткізіледі.

Бұл фестиваль 19 ғасырдың басында Людвиг патша мен Тереза ханшайым арасындағы үйлену тойынан кейін тойлана бастады.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Saryarqa» газеті «Қыз өссе – елдің көркі» атты сұлулар байқауын ұйымдастырады. Байқауда 18-35 жас аралығындағы сәні мен сымбаты келісті, өз кәсібінде биікпен көріне білген нәзікжандылар бақ сынай алады. Әр ай сайын газет бетіне суреті жарияланған арулар арасында «Saryarqa» газетінің сайты мен фейсбук және инстаграм әлеуметтік желілерінде публикациялар жарық көріп, лүпіл (лайк) санымен жеңімпаз анықталады. Жыл соңында ең көп лүпіл жинаған сұлуларға жеңілді орындар тағайындалып, кәделі сыйлықтар табысталады болады. Байқауға қатысушылар бет-әлпеті, бойы анық көрінетін сапалы фотолары мен өздері туралы қысқаша ақпаратты sa\_jez@mail.ru электронды мекен-жайына немесе 8 777 457 31 72 уақпақ нөміріне жолдай алады.

## Қыз өссе – елдің көркі



### Гүлжан АЛДИГЕНОВА

08.05.1992 жылы Қарағанды облысы Жанаарқа ауданы Ералиев ауылында дүниеге келген. Мамандығы – байланысшы. Қазіргі таңда өз-өзіне жұмыс жасайды. Қыз-келіншектерге қуаныш сыйлап жүр. Өздерін күтуге шақырады. Келешекте өз жұмысын әрі қарай дамытқысы келеді.

Егіз қыздың анасы. Арманы – қыздары үшін еңбек етіп, жарқын болашақ сыйлау. Хоббиі – үйде тәтті тамақтар пісіру, сурет салу, қыздарымен бірге би билеу.

### БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

Қанаттас жатқан кеніштер қаласында өнерлі өрендер аз емес. Олардың көбісі үлкен сахнаға шықпаса бұрын талантын ұштап, бойларына біткен дарынды одан әрі дамыту үшін осы қаладағы балалар өнер мектебінің табалдырығын аттап, сонда шыңдалғандарын мақтанышымен айтатындарына сеніміміз мол. Екі күн бұрын Шынболат Ділдебаев атындағы кеніштер сарайында өткен аталмыш мектептің есептік концертін тамашалағанда осының күзді болдық. Концерт «Балалар жылы» аясында Қазақстан халқының бірлігі күніне орай ұйымдастырылды.

## ТАЛАНТЫМЕН ТАМСАНДЫРДЫ



Жалпы оқу жылының аяғында есептік концерт беру 15 жылдан аса уақыттан бері дәстүрге айналған. Мұндағы мақсат баласының бос уақытында өзіне пайдалы іспен айналысып, талабын ұштасын деп осы мектепке сеніп алып келген ата-аналарға ұстаздардың 9 ай бойы берген білімдерінің жемісін көрсету сондай-ақ, алғаш табалдырық аттап, қанатын енді қаққан өнер қырандарына халық алдына шығып өнер көрсету мен сахнаның атмосферасын сезіндіру.

Алдымен фаеде бейнелеу өнерінің оқушыларының қолынан шыққан туындылардан көрме ұйымдастырылды. Бұдан кейін концерттік бағдарлама басталды. Оны тамашалауға келген халықтың қарасы қалың. Өсем ән мен мың бұралған бишілердің биімен қатар көрермендерге домбыра, кобыз, скрипка, гитара,

сырнай сынды аспаптардан құралған топтар өнер көрсетті. Сондай-ақ, цирктік шоулар, сән әлеміне саяхат та жиналғандардың көңілін көтеріп, бір серпілтті. Екі жарым сағатқа созылған концертте мектепте қандай бөлімдер болса, онда білім алып жүрген әр сыныптың оқушылары өнерлерін ортаға салды. Атап айтсақ, Қарағанды облыстық жас музыканттар байқауының лауреаты «Жігер» халық аспаптар оркестрі «Шанды жорық», «Ерден толғау» күйлерін орындаса «Қаламқас» кобызшылар ансамблі Құрманғазының «Түрмеден қашқан» шығармасын және Алматы қаласында өткен республикалық 55-ші музыка мектептері мен өнер мектептерінің білім алушылар арасындағы жас музыканттар байқауының Бас жүлде иегері Төлеу Әділет Шалмырзаның «Ташауыз» күйін күмбірлетті.

Вокал тобының жас өнерпаздары халық әндерінен попури, хореография бөлімінің «Непоседы», «Дочки и сыночки» би тобының тәрбиеленушілері «Ақ баян», «Умка», «Вертушки», «Веснянка» және халық билерін, «Мирас» фольклорлық және флейтистер мен скрипкашылар ансамблі өз шығармаларын жоғары деңгейде орындады.

Сонымен қатар көрермендер «Калейдоскоп» цирк ұжымы мен «Территория Т» ұжымының «Жұлдыздар-2022» ұлттық сән театрының топтамасын тамашалады.

Айта кетейік, Сәтбаев қаласындағы балалар өнер мектебіне 1034 бала оқуға қабылданды. Оларға 18 мамандық бойынша 55 мұғалім дәріс береді.

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ

### ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін **Whatsapp** әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базынасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

**Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.**

*Қадірлі оқырман!*

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!

